1 МАМЫР ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ МЕРЕКЕСІ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Қазақстанда адамды ұлтына, тіліне, дініне қарай кемсіту ешқашан болған емес, болмайды да. Барша азаматтарға бірдей мүмкіндік берілген. Бұл – нағыз әділдік, әділетті мемлекеттің ажырамас бөлігі. Тағы да айтарым: елдің бірлігі мен татулығы ең негізгі құндылықтарымыздың қатарында тұр. Бұл – мемлекеттік саясаттың басты тұғыры. Болашақта да солай болмақ. Осы стратегияның арқасында түрлі этнос өкілдері бір шаңырақтың астында бір үйдің баласындай тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Бұл – мағынасы терең нақты жетістік. Отаншылдық, азаматшылдық, өзара сенім мен жауапкершілік – Қазақстан халқының жалпыұлттық бірегей болмысын айқындайтын құндылықтар.

№50-51
(4949)
Бейсенбі
30 сәуір
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

Құрметті елорда тұрғындары!

Сіздерді 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл мереке еліміздің тұрақтылығы мен орнықты дамуының негізі саналатын бірлікті, өзара сыйластық пен татулықты насихаттайды.

Тұрғындардың ауызбіршілігі мен жауапкершілігінің арқасында қаламыз қарқынды дамып, ірі инфрақұрылымдық және әлеуметтік жобалар жүзеге асып жатыр. Елордамыз уақыт өткен сайын қолайлы әрі заманауи қалаға айналып келеді.

Сіздерге зор денсаулық, амандық және жаңа жетістіктер тілеймін!

Жеңіс ҚАСЫМБЕК,
Астана қаласының әкімі



ТАТУЛЫҚ ПЕН БІРЛІК – МЕМЛЕКЕТТІҢ БАСТЫ ҰСТЫНЫ



EXPO халықаралық көрме орталығы алаңында ауқымды музыкалық флешмоб өтті. Қала мектептерінен қатысқан 2 мыңға жуық оқушы бір мезетте күйші-композитор Қаршыға Ахмедияровтың «Алтын ұя» күйін орындады.

Оқушылар домбыра, қобыз, қылқобыз, жетіген, сазсырнай, флейта, скрипка секілді ұлттық және классикалық аспаптарда ойнады. Флешмобты ұйымдастырушылар бұл іс-шараның негізгі мақсаты елге деген сүйіспеншілік пен бірлігімізді музыканың тілімен көрсету екенін атап айтты.





ОЛИМПИАДА ЖЕҢІМПАЗЫ

Астанадағы Spectrum International School мектебінің 12-сынып оқушысы Марғұлан Шарел Еуропалық математикалық олимпиадада (EMO) абсолютті жеңімпаз атанды.

Соның нәтижесінде 23-29 сәуір күндері Литваның Вильнюс қаласында өткен European Mathematical Olympiad (EMO) халықаралық білім додасында Қазақстан құрамасы жоғары нәтиже көрсетті. Аталған беделді олимпиадаға Еуропа және басқа да елдерден дарынды оқушылар қатысып, математикалық білім деңгейін халықаралық аренада сынға салды. Марғұланның бұл жетістігі – жоғары деңгейдегі дайындықтың, табандылықтың және терең білімнің айқын көрінісі.

1-3 МАМЫР

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ

Жәрмеңкеде көкөністер мен жеміс-жидектерді, ет өнімдерін, ұн және сүт өнімдерін, наубайхана тауарларын тиімді бағада сатып ала аласыздар. Жәрмеңке сағат 10:00-ден 19:00-ге дейін өтеді. Өтетін орны: «Keryen Joly» сауда орталығы, Алаш тасжолы, 35Б.



№50-51 (4949) 30/04/2026 Бейсенбі



САН ҚЫРЛЫ ДИАЛОГ СЕРІКТЕСТІККЕ ҚОЛАЙЛЫ

Ақордада елімізге ресми сапармен келген Чех Республикасының Премьер-министрі Андрей Бабишті қарсы алу рәсімі өтті. Одан кейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Чехия Премьер-министрі Андрей Бабиш шағын құрамда келіссөз жүргізді. Салтанатты шарада Қасым-Жомарт Тоқаев пен Андрей Бабиш бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет қарауылының бастығы рапорт берген соң Қазақстан мен Чехияның әнұрандары орындалды. Одан кейін Қазақстан Президенті мен Чехия Премьер-министрі келіссөз өтетін залға барды.



ӨЗАРА ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ІЛГЕРІЛЕЙДІ

Қасым-Жомарт Тоқаев Андрей Бабишке ілтипат білдіріп, Қазақстан жұртшылығы оны Чех Республикасында ғана емес, Еуропаға белгілі саяси қайраткер ретінде жақсы білетінін жеткізді. «Екі ел арасында бұрыннан тығыз әрі достық қарым-қатынас орнаған. Сауда-саттық табысты дамуда. Қос халықтың бір-біріне құрметі зор. Ірі халықаралық құрылымдар шеңберінде бірлесе әрекет етіп келеміз. Бұл – өте маңызды. Елшіліктеріміз белсенді жұмыс істеп тұр. Орайлы сәтті пайдалана отырып, Өзіңізбен бірге чех кәсіпкерлерінен құралған үлкен делегация алып келгеніңіз үшін алғыс айтамын. Кеше Астанада бизнес-форум өтті. Оның нәтижесі елдерімізге пайдалы болады деп ойлаймын. Өз тарапымнан сан қырлы ынтымақтастығымызды одан әрі дамытуға бар күшімді саламын» деді Президент.

Андрей Бабиш қонақжайлық танытқаны үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа ризашылығын білдіріп, еліміздің түрлі салада жеткен жетістіктеріне жоғары баға берді. «Қазақстан – Орталық Азиядағы аса маңызды мемлекет. Сондықтан осынау ғажап елге сапармен келу – мен үшін зор мәртебе. Жақында жаңа Конституция қабылдадыңыздар. Құтты болсын! Сіздердің бұл бағыттағы тәжірибелеріңіз бізге де пайдалы болады деп есептеймін. Қазақстанға келу көптен бергі арманым еді. Өйткені мен университетті аяқтағаннан кейін, яғни, 1978 жылы Шымкент және Жамбыл (Тараз) қалаларымен өзара байланыс орнатқан департаментте жұмыс істедім. Қазақстан – энергетика саласында аса үлкен орны бар ел, әлемдегі уран өндіретін ірі мемлекеттердің қатарына кіреді. Бүгінде атом электр станцияларының маңызы арта түсті. Сол себепті осы салада келісімге келгенімізге қуаныштымын. Қазақстанның жасанды интеллект бағытындағы жетістіктері таңқаларлық. Екі елге ортақ дүние көп. Чехия мен Қазақстан үкіметтері өзара ынтымақтастықты одан әрі ілгерілету үшін аянбай еңбек етеді деп ойлаймын» деді ол.

ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

Одан әрі Қасым-Жомарт Тоқаев пен Андрей Бабиш кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді. Екі ел делегацияларының қатысуымен өткен келіссөз барысында Президент өзара ықпалдастықты одан әрі нығайтудың әлеуеті мол екеніне тоқталды. «Екіжақты саяси ынтымақтастық пен экономикалық қарым-қатынастың болашағы зор деп санаймын. БҰҰ, ЕҚЫҰ және басқа да халықаралық ұйымдар аясындағы миссияларымыз тығыз жұмыс істеп, диалогты тұрақты түрде сақтап келеді. Көптеген бағыт бойынша байланыстарымызды дамытуға мүмкіндік жеткілікті» деді Мемлекет басшысы. Қасым-Жомарт Тоқаев Чехияның сындарлы әрі прагматикалық сыртқы саясатына жоғары баға берді. Президенттің айтуынша, екі ел арасындағы саяси диалог сан қырлы серіктестікке қолайлы жағдай жасайды. Парламентаралық ықпалдастық қарқынды дамып келеді.

САУДА СЕРІКТЕСІНІҢ БІРІ

Мемлекет басшысы Чехия Қазақстанның Еуропа Одағындағы негізгі сауда серіктестерінің бірі екеніне назар аударды. «Тауар айналымының динамикасы көңіл көншітерліктей. Әрине, біз алдағы уақытта да сауда-экономикалық байланыстарды кеңейтуге ниеттіміз. Бүгінде елімізде 190-нан астам чех компаниясы жұмыс істеп жатыр, соның ішінде Škoda, Omnipol, Tatra және ZVVZ секілді маңдайалды кәсіпорындар мен басқа да өндіріс саласындағы сенімді әріптестеріміз бар. Бірлескен жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік мол» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өз кезегінде Андрей Бабиш бүгінгі сапар екіжақты қарым-қатынастың жаңа кезеңіне жол ашатынын айтты. «Біз Қазақстанды стратегиялық серіктес санаймыз. Бірлескен күш-жігердің арқасында екіжақты тауар айналымының көлемін арттырамыз деп сенемін. Ең алдымен, энергетика саласындағы ықпалдастықты нығайтқымыз келеді. Сіздің елден ұзақ мерзімді мұнай тасымалына мүдделіміз. Энергетика саласын дамыту стратегиямыз атом энергиясына арқа сүйейді. Сондықтан Қазақстанға әлемдегі уран өндіретін ірі мемлекет ретінде де қызығушылық танытамыз» деді Чехия Премьер-министрі.

Чех Үкіметінің басшысы Қазақстанның энергетикалық қауіпсіздігі қуат өндірудің әртараптандырылған тәсіліне негізделгеніне мән берді. Сондай-ақ ол чех компанияларының аталған салада бірлескен жобаларды жүзеге асыруға дайын екенін растады. Андрей Бабиш Қасым-Жомарт Тоқаевты жаңа Конституция қабылдау бойынша референдумның табысты өтуімен құттықтап, бұған мемлекеттілікті нығайтатын және елді жарқын болашаққа жетелейтін маңызды қадам ретінде баға берді. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Андрей Бабиш өнеркәсіп, мұнай-газ, атом энергиясы, көлік-логистика, қорғаныс өнеркәсібі, цифрландыру, ауыл шаруашылығы және денсаулық сақтау салаларындағы өзара ынтымақтастық перспективаларын талқылады. Әңгімелесу барысында екі ел арасындағы қарым-қатынас тек экономикамен шектелмейтіні, ортақ тарихи оқиғалар мен мәдени-гуманитарлық байланыстарға негізделетіні жайында айтылды.

Мемлекет басшысы қазақ даласына Пржевальский жылқыларын қайта жерсіндіруді көздейтін бірегей жобаға атсалысқаны үшін чехиялық әріптестеріне ризашылығын білдірді. Президент Өңірлік экологиялық саммитте бұл бастаманы еліміздің биоалуантүрлілікті сақтау саласында жеткен жетістіктерінің бірі ретінде атаған болатын. Премьер-министр Қазақстан азаматтарына виза режимін жеңілдету мәселесіне Чехияның екіжақты деңгейде және Еуропа Одағы аясында ықпал етуге ниетті екенін жеткізді. Келіссөз қорытындысы бойынша тараптар жоғары деңгейде қол жеткізілген уағдаластықтарды нақты іске асыру үшін жобалар тізімін әзірлейді. Андрей Бабиш Қасым-Жомарт Тоқаевты өзіне ыңғайлы уақытта Чехияға сапармен келуге шақырды. Мемлекет басшысы бұл ұсынысты ықыласпен қабыл алды.

ИБРАһИМ КЕЛІСІМІ – ТҰРАҚТЫЛЫҚ НЕГІЗІ

Қазақстан мен Израиль президенттері Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ицхак Герцогтың келіссөзі екі ел делегациясының қатысуымен кеңейтілген құрамда жалғасты. Мемлекет басшысы Қазақстан мен Израильдің сан қырлы байланыстары ұзақ уақыттан бері жалғасып келе жатқанын атап өтті.



«Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап елдеріміз арасында достық қарым-қатынас орнады. Израиль Мемлекеті Қазақстанның егемендігін алғашқылардың бірі болып мойындады. 1993 жылы дипломатиялық өкілдіктерімізді аштық. Содан бері белсенді саяси диалог қалыптасты. Сауда-экономикалық және инвестициялық ықпалдастықта елеулі жетістіктерге қол жеткіздік» деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Президенттің пікірінше, Ибраһим келісімдері өңірлік тұрақтылыққа, сауда-экономикалық ынтымақтастықты жандандыруға берік негіз қалайды. «Өзіңізге мәлім, Қазақстан бұған дейін қабылдаған шешімін ұстанады. Ибраһим келісімдеріне ресми түрде қосылу рәсімін таяу келешекте Астанада ұйымдастыруға болады деп есептейміз. Сонымен қатар жасанды интеллект және цифрландыру салаларындағы ынтымақтастықты нығайтуға мүдделіміз. Биыл Қазақстанда Жасанды интеллект және цифрландыру жылы болып жарияланды. Мен бұл мәселеге айрықша мән беремін» деді Мемлекет басшысы.

Өз кезегінде Ицхак Герцог Қазақстан мен Израиль арасындағы әріптестік қарқынды дамып келе жатқанын айтты. «Президент мырза, Қазақстан толеранттылық пен конфессияаралық диалогтың бірегей үлгісін көрсетіп отыр. Сол үшін Сізге алғыс айтамын. Сонымен қатар екі ел арасындағы іскерлік байланыстар мен тауар айналымын арттыруға мүмкіндік мол екеніне назар аударғым келеді. Бұл бағытта нақты шаралар қабылдай аламыз. Атап айтқанда, біз тікелей әуе қатынасын ашуға мүдделіміз. Ол іскерлік және сауда қатынастарына оң ықпал етеді. Бұдан бөлек, екіжақты құқықтық-келісімшарт базасын кеңейтуге ниеттіміз. Қазіргі кезде бірқатар келісім, соның ішінде қосарланған салықты алып тастау туралы уағдаластық пысықталып жатыр» деді Израиль Президенті. Мемлекеттер басшылары өңірлік және халықаралық өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты. Келіссөз қорытындысы бойынша тараптар тұрақты саяси диалогты жалғастыруға, барлық деңгейдегі ықпалдастықты жандандыруға, сондай-ақ бірлесе күш жұмылдыра отырып серіктестікті жаңа әрі сапалы кезеңге шығаруға келісті.

Одан әрі Қазақстан мен Израиль президенттері Alem.ai Халықаралық жасанды интеллект орталығына барды. Мұнда таланттарды тауып, оларды даярлаудан бастап ЖИ-шешімдерін әлемге таратуға дейінгі технологиялық дамудың толық циклі жүзеге асырылады. Израиль Президентіне Қазақстанның жаппай цифрландыру және жасанды интеллект технологиясын экономика мен әлеуметтік саланың басты бағыттарына енгізудегі негізгі жетістіктері көрсетілді. Сонымен қатар мемлекеттер басшыларына Astana Smart City жобасы туралы мәлімет берілді. Ауқымды бастама аясында елорданың жаңа интеллектуалдық инфрақұрылымы қалыптасады.

ДАЙЫНДЫҚ БАРЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек LRT-ның тестілік қолданылу барысымен, жүйенің негізгі жұмыс параметрлерімен және инфрақұрылымның дайындығымен танысты.



– Қазіргі таңда жеңіл рельсті көлік бойынша сынақ жұмысы іс жүзінде аяқталған, жүйе толықтай пайдалануға дайын. LRT-ны жақын уақытта іске қосуды жоспарлап отырмыз. Қазір инфрақұрылым мен абаттандыру жұмысы белсенді жүріп жатыр, – деді шаһар басшысы.

LRT іске қосылғанға дейін ең алдымен станцияларға кедергісіз қолжетімділікті қамтамасыз ету жұмысы толық аяқталатын болады.

Абаттандыру жұмысы жаз бойы белсенді түрде жалғасады. Қазіргі уақытта Тәуелсіздік даңғылынан «Нұрлы жол» жаңа теміржол вокзалына дейінгі аралықта жұмысы қарқынды жүргізіліп жатыр.

Елорда әкімі жаз мезгіліне арналған жұмыс жоспарына тоқталды.

– Жаз мезгіліне арналған жұмыс жоспарына мына бағыттар енгізілген: 1. Жол құрылысы: станцияларды қаланың көлік желісіне біріктіру үшін іргелес жолдар мен кірме жолдарды жайластыру көзделген. 2. Көгалдандыру: жасыл желек (ағаштар, бұталар және көпжылдық шөптер) отырғызу бойынша ауқымды жұмыс жоспарланған. Бұл LRT желісі бойында «жасыл дәліз» қалыптастыруға мүмкіндік береді. 3. Жарықтандыру: түнгі уақытта қауіпсіздік пен эстетикалық тартымдылықты қамтамасыз ететін заманауи жарықтандыру жүйелерін орнату қарастырылған. 4. Абаттандыру: эстакада астында шағын сәулет нысандарын орнату және қала тұрғындары үшін тартымды аймақтарды қалыптастыру жоспарланған, – деді Астана әкімі.

Қала басшысының айтуынша, станциялар мен оларға апаратын жолдардың функционалдық дайындығы жақын уақытта қамтамасыз етіледі, ал LRT бағыты бойындағы ландшафтық-сәулеттік келбетті кешенді түрде қалыптастыру жаз маусымының соңына дейін жалғасады. Бұл жұмысты агротехникалық нормаларды толықтай сақтай отырып, сапалы орындауға мүмкіндік береді

– Сол сияқты қазіргі уақытта Ш.Қалдаяқов көшесінің Тәуелсіздік даңғылынан А62 көшесіне дейінгі аралығында құрылыс жұмысы жүргізіліп жатыр. Нысанның жалпы ұзындығы 4,6 км құрайды. Жоба аясында көше-жол инфрақұрылымын кешенді дамыту қарастырылған: жаяу жүргіншілер жолдары мен веложолдар салу, автотұрақ орындарын абаттандыру, сыртқы жарықтандыру жүйесін орнату, суаруға арналған су құбырын тарту, сондай-ақ көгалдандыру аймақтарын әзірлеу. Бірінші кезекте станцияларға іргелес аумақтарды абаттандыру және оларға кедергісіз қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін кіреберіс жолдарды жайластыру жұмысы орындалып жатыр. Қазір Тәуелсіздік даңғылы жағынан асфальт-бетон жабынын төсеу және абаттандыру жұмысы жүргізіліп жатыр. Биыл Ш.Қалдаяқов көшесінің Тәуелсіздік даңғылынан «Нұрлы жол» теміржол вокзалына дейін өтпелі қозғалысты қамтамасыз ету жоспарланған. Бекітілген кестеге сәйкес қозғалысты кезең-кезеңімен ашу көзделген. Сондай-ақ жолды әрі қарай С.Шаймерденов көшесіне (жобалық атауы – А-62) дейін ұзарту көзделіп отыр, – деді Жеңіс Қасымбек.



ИММУНДАУ АПТАЛЫҒЫ ӨТІП ЖАТЫР

Биыл 19 сәуірден бастап Қазақстанның бүкіл аумағында «Еуропалық иммундау – 2026» апталығы өтуде. Бұл – халықтың денсаулықты сақтау және аурулардың алдын алу үшін вакцинациялаудың маңыздылығы туралы хабардарлығын арттыруға бағытталған маңызды бастама. Осы науқан аясында ҚР аккредиттелген Еуропа мемлекеттері елшілері Астанадағы № 6 қалалық емханаға барып, жұмысымен танысты.

Райхан РАХМЕТОВА

Атап айтқанда, емханаға Еуропалық Одақтың Елшісі Алешка Симкич, сондай-ақ Португалия, Хорватия, Болгария және Греция елшілері және Франция мен Польшаның дипломатиялық миссияларының өкілдері келді.


Қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың маңыздылығын атап өтуге және иммундау мәселелерінде әріптестікті нығайтуға арналған іс-шараны ДДҰ қолдауымен Астана қаласының қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы ұйымдастырды. Жиында мамандар өзара тәжірибе алмасып, вакцинацияның өзекті мәселелерін талқылады және халықтың денсаулығын қорғау бойынша бірлескен күш-жігерді ілгерілету жайын сөз етті. Емхана директоры Динара Сатжанқызының айтуынша, соңғы жылдары вакцинация мәселесінде айтарлықтай ілгерілеушілік байқалады.

– Бес жыл бұрын көрсеткіштер біраз төмен болды. Бүгін біз жүргізіліп жатқан ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының оң әсерін көріп отырмыз. 2025 жылдың қорытындысы бойынша 6 жасқа дейінгі балаларды вакцинациямен қамту 95%-ға жетті. Біздің емхана 33 мыңға жуық балаға қызмет көрсетеді, – деді ол.

Қалалық Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Айнұр Төлеуова қонақтарға иммундау саласындағы бастамаларды халықаралық қолдағаны үшін алғысын білдірді. ДДҰ-ның Қазақстандағы өкілі доктор Skender Syla елдің жаһандық бастамаға қатысуының маңыздылығын атап өтті.

– Біз Қазақстанның иммундау апталығын белсенді қолдайтынын көргенімізге қуаныштымыз. Вакцинация – денсаулық сақтау саласындағы ең үлкен жетістіктердің бірі. Соңғы 50 жылда ол жаһандық нәресте өлімін 40%-ға төмендетіп, миллиондаған адамдардың өмірін сақтап қалды. Дегенмен сарапшылар қол жеткізілген жетістіктерге қарамастан, қиындықтар бар екенін айтады. Кейбір балалар әлі де жоспарлы вакцинацияны алмай, өткізіп жібереді, ал дұрыс емес ақпаратты тарату вакцинацияға деген сенім деңгейін төмендетуі мүмкін. Осыған байланысты халықпен ашық диалог жүргізу және алғашқы медициналық-санитарлық көмек жүйесін дамыту ерекше рөл атқарады, – деді ол.

Мамандар ДДҰ әрбір адам үшін өмірлік маңызды вакциналарға тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге бағытталған 2030 жылға дейінгі иммундаудың күн тәртібін іске асырып жатқанын және Қазақстанға қолдау көрсетуді жалғастыратынын жеткізді. Кездесу соңында қонақтар үшін емхана ішінде экскурсия ұйымдастырылды, оның барысында балаларды вакцинациялауға бағыттау және егу кабинетінің жұмысы көрсетілді.



Құрметті елорда тұрғындары мен қонақтары!

Сіздерді Қазақстан халқының бірлігі күнімен шын жүректен құттықтаймын! Тәуелсіз мемлекетіміз үшін бұл мерекенің орны ерекше. Өйткені ол елімізде өмір сүріп жатқан барлық этностар арасындағы татулықты, өзара құрмет пен келісімді білдіреді.

Қазақстан халқының бірлігі күні – бұл тек бай мәдени мұрамызға құрмет қана емес, сонымен қатар бейбітшілік, келісім және өзара түсіністіктің маңыздылығын айқындайтын мереке. Бұл күн түрлі этнос өкілдері арасындағы достық байланыстарды нығайтып, ашық әрі сындарлы диалогты дамытуға, сондай-ақ бүгінгі қоғамымыздың бірлігі мен жарасымын көрсетуге бағытталған.

Осы шуақты көктемгі күні әрқайсыңызға зор денсаулық, амандық, отбасыларыңызға бақыт пен береке тілеймін. Әр шаңырақта тыныштық пен қуаныш орнап, еліміздің аспаны әрдайым ашық болсын. Бірлігіміз бен келісіміміз еліміздің өсіп-өркендеуінің берік негізі бола берсін!

Табиғат ЗЕЙНҰЛҚАБДЕН,
Астана қаласы мәслихатының төрағасы

Құрметті елорда тұрғындары және қонақтары!

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі мерекесімен елорда ардагерлері атынан шын жүректен құттықтаймын!

Халық бірлігі мерекесі күні ел азаматтары, ұлт пен ұлыстың өткен кезеңдегі тарихы мен оның сабақтарын дәріптеп, әлемдік қауымдастық тарапынан жоғары бағаланған қазақстандық татулық пен келісімді паш етеді.

Қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылық – біздің ең маңызды байлығымыз! Бұл жетістікті бағалау, сақтау жолында аянбай еңбек ету әрбір Қазақстан азаматының міндеті болып табылады.

Туған Отанымыз – Қазақстанды гүлдендіріп, тұрақтылық пен бейбітшілік мекеніне айналдыру үшін баршаңызға зор денсаулық, таусылмас күш-қуат, мол бақыт, еңбектеріңізге жеміс, шаңырақтарыңызға шаттық, құт-береке тілейміз.

Бір шаңырақ астындағы халқымыздың ынтымақтастығы мен өзара ауыз бірлігіміз нығая түссін, еліміздегі қоғамдық келісім мен татулық әрдайым берік болып, достық және бірлік мәңгі жасай берсін!

Сансызбай ЕСІЛОВ,
Қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы

Құрметті елорда тұрғындары мен елорда қонақтары!

Сіздерді 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Қазақстан халқының бірлігі күні – бүгінгі таңда ынтымағы мен бірлігі жарасқан отандастарымыз үшін ыстық ықыласпен асыға күтетін жалпы ұлттық мерекеге айналды.

Бұл күн – әрбір қазақстандық үшін Отанға деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімнің, азаматтық борыш пен жалпыұлттық келісімнің мерекесі.

Бір шаңырақтың астындағы халқымыздың достығы мен өзара ынтымағы одан әрі жалғасып, озық ойлы ұлт болып ұйысайық. Қазақстан халқы өркен жайып, мемлекетіміз молшылыққа, ал әрбір шаңырақ бақыт пен шаттыққа кенелсін!

Береке-бірлігіміз арта берсін, ағайын!

Зұлфухар ҒАЙЫПОВ,
Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы

ТҮЛЕКТЕР АҒАШ ЕКТІ

«Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында еліміздің барлық өңірінде бір мезгілде «Түлектердің ағаш егу» эко-челленджі өтті. Бұл іс-шараға Астанадағы мектеп түлектері де белсенді атсалысып, білім ошақтарының ауласына ағаш екті.

Аталған бастама «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бағдарламасы шеңберінде жүзеге асырылып, елімізде заманауи экологиялық күн тәртібін қалыптастырудың негізгі құралдарының бірі ретінде қарастырылады. Акцияның мақсаты – түлектерді қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне тарту, экологиялық мәдениетті дамыту және табиғатқа жауапкершілікпен қарау дағдыларын қалыптастыру. Қазақстанның барлық білім беру ұйымдарында «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» айы жарияланып, соның аясында «Халықаралық балалар кітабы күні», «Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні», «Ұлттық кітап күні» және басқа да бірқатар республикалық акциялар ұйымдастырылды. Бұл бастама өскелең ұрпақты кітап оқуға, қайырымды істерге баулуға, сондай-ақ қоршаған ортаға деген қамқорлық пен экологиялық мәдениеттілік қалыптастыруға бағытталған. Сонымен қатар «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» акциясы аясында мектеп аумақтары мен қоғамдық кеңістіктерде (саябақтар, скверлер) тазалық жұмыстарын жүргізу қолға алынуда.



Экологиялық бастамаға еліміздегі 100 мыңнан астам 9 және 11 сыныптарының түлектері қатысты. Челлендж аясында барлық өңірдегі мектеп түлектері білім беру ұйымдарының аумақтарында, саябақтар мен қоғамдық кеңістіктерде ағаш отырғызып, елді мекендерді көгалдандыруға және экологиялық тепе-теңдікті сақтауға үлес қосты. Соның ішінде Астанада №111 жалпы орта мектебінің 100-ден астам түлектері мектеп аумағына түрлі ағаштар егіп, эко-челленджге Оқу-ағарту министрлігінің өкілдері және Астана қаласы Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыев те қатысты.

№50-51 (4949) 30/04/2026 Бейсенбі

ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ ЖАҢА МОДЕЛІ

Астанада 28-30 сәуір аралығында еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік жөніндегі 14-қазақстандық халықаралық конференциясы мен көрмесі – KIOSH 2026 өтті. Ауқымды алаңда отандық және шетелдік сарапшылар жұмыскерлердің қауіпсіздігі мен құқықтарын қорғауға қатысты өзекті мәселелердің кең ауқымын талқылап, ашық диалог жүргізді.



Конференцияның бірінші күніндегі басты оқиға «Жасанды интеллект: Қазақстан қауіпсіздіктің жаңа моделін қалыптастыруда» тақырыбындағы стратегиялық пленарлық сессия болды. Сессия аясында Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министрі Ербол Тұяқбаев қатысушыларды еліміздегі еңбекті қорғау саласын цифрландырудың қазіргі жағдайы мен даму перспективалары туралы жан-жақты хабардар етті. Жалпы конференция бағдарламасына саланың негізгі бағыттарын қамтитын 11 тақырыптық сессия мен бизнес-ойын енгізілген.

Іс-шараны Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Төтенше жағдайлар министрлігі, Еңбекті қорғау жөніндегі республикалық ғылыми-зерттеу институты (ЕҚРҒЗИ) және «ITECA» компаниясы ұйымдастырды. Конференция жұмысына Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министрі Ербол Тұяқбаев, мемлекеттік органдардың өкілдері, «PARYZ» Ұлттық жұмыс берушілер конфедерациясы президиумының төрағасы Жұмабек Жанықұлов, APOSHO бас директоры және NSCA Foundation төрағасы Берни Дойл, «Тау-кен өндіруші және тау-кен металлургия кәсіпорындарының республикалық қауымдастығы» ЗТБ атқарушы директоры Николай Радостовец қатысты. Сонымен қатар спикерлер қатарында халықаралық деңгейдегі сарапшылар: ХЕҰ-ның Шығыс Еуропа және Орталық Азия елдері бойынша Бюросының маманы Дарко Дочински, ДДҰ-ның Қазақстандағы елдік кеңсесінің басшысы Скендер Сыла, Satbayev University ректоры Мейрам Бегентаев, ERG компаниясының цифрландыру және жасанды интеллект жөніндегі бас директорының орынбасары Еркен Шназбаев және IDS Robotics директоры Алексей Шилин бар.

Стратегиялық сессия барысында сарапшылар өндірістегі қауіпсіздікті арттырудағы жасанды интеллекттің іргелі рөлін талқылап, тәуекелдерді ерте анықтау және өндірістік жарақаттануды жүйелі түрде төмендету мүмкіндіктеріне ерекше назар аударды. Қатысушыларға өнеркәсіп секторы мен тау-кен өндірісі саласында жасанды интеллект алгоритмдерін қолданудың нақты тәжірибелері ұсынылды, сондай-ақ еңбекті қорғау саласындағы түйткілдерді шешуде предиктивті аналитиканы пайдалану мәселелері қаралды. Білікті кадрларды даярлау, жасанды интеллект саласындағы ұзақмерзімді саясатты қалыптастыру және цифрлық мониторинг экожүйелерін енгізу мәселелері де талқыланды. Атап айтқанда, ұшқышсыз ұшу аппараттары секілді инновациялық шешімдерді қолдану мүмкіндіктеріне назар аударылды.

Ербол Тұяқбаев өз сөзінде конференцияның Цифрландыру және жасанды интеллект жылы аясында өтіп жатқанын атап өтіп, бұл еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында жаңа мүмкіндіктер ашатынын жеткізді. «Жаһандық сын-қатерлер кезеңінде, сондай-ақ Қазақстанда жарияланған Цифрландыру және жасанды интеллект жылы жағдайында қалыптасып отырған жаңа конституциялық орта қазақстандықтар үшін қауіпсіз, лайықты әрі өнімді еңбек етуге кең мүмкіндіктер ашады, бұл өз кезегінде ел экономикасының дамуына оң әсер етеді» деді бірінші вице-министр. Ол сондай-ақ өткен жылы өндірістік жарақаттанудың төмендеу үрдісі сақталғанын атап өтті. Дегенмен, бұл көрсеткіштердің артында нақты адамдардың тағдыры тұрғанын ескеріп, әлеуметтік әріптестер арасындағы өзара іс-қимылды күшейту қажеттігін айтты. Қазақстан Халықаралық еңбек ұйымының 26 конвенциясын ратификациялап, лайықты еңбекке жәрдемдесу жөніндегі жол картасын табысты жүзеге асырды. Мемлекет басшысы еңбек қауіпсіздігін жетілдіру және жұмыскерлердің құқықтарын қорғау мәселелері бойынша заңға қол қойды.

Спикер әлеуметтік-еңбек саласын цифрландыруға ерекше тоқталды. Бүгінде елімізде кәсіпорындардың цифрлық картасы мен еңбек тәуекелдерінің картасы жұмыс істейді. Жақын уақытта жұмыс орнасының параметрлерін нақты уақыт режимінде бақылайтын бірыңғай ахуалдық орталық іске қосу жоспарланып отыр. Бұл қауіпті жағдайларды алдын ала болжауға мүмкіндік береді. «Еңбекті қорғауды цифрландыру – тек техникалық міндет емес, бұл – елдің адами капиталының сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін айқындайтын стратегиялық бағыт. Қазіргі таңда қажетті ресурстық база қалыптасты, әлеуметтік әріптестермен тиімді өзара іс-қимыл жолға қойылған. Баршамыздың мақсатымыз ортақ – әрбір қазақстандық үшін қауіпсіз әрі лайықты еңбек жағдайын қамтамасыз ету» деді Ербол Тұяқбаев.

Биыл KIOSH көрмесі 9 елден келген 92 компанияны бір алаңға жинады. Олардың қатарында Әзербайжан, Бельгия, Үндістан, Қазақстан, Қытай, Латвия, Ресей, Түркия және Өзбекстан бар. Халықаралық қызығушылықтың жоғары екенін 44 шетелдік компанияның қатысуы дәлелдейді, ал отандық тараптан 48 кәсіпорын ұсынылған. Сонымен қатар 18 компанияның көрмеге алғаш рет қатысуы қауіпсіздік саласының қарқынды дамып, кәсіби қауымдастықтың ауқымы кеңейіп келе жатқанын көрсетеді.

ЖОБА ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Мәслихат депутаттарына елорданың көгалдандыру жүйесін дамытуға бағытталған «Сәндік ағаш – бұта көшеттері питомнигі» жобасы таныстырылды. Бұл туралы мәслихат төрағасы Табиғат Зейнұлқабден әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.

«Жоба толық циклді көшет өсіруді қамтитын заманауи питомник құруды көздейді. Мұнда қаланың қажеттілігі үшін егу материалын өсірумен қатар, жасыл желектерді цифрлық есепке алу және мониторинг жүргізу сияқты озық технологияларды енгізу жоспарланып отыр. Жобаны іске асыру көгалдандыру сапасын арттыруға, қатал климаттық жағдайларға бейімделген көшеттерді сатып алу шығындарын азайтуға және қаланың жасыл қорын тұрақты дамытуға мүмкіндік береді» деп жазды Т.Зейнұлқабден.



СПОРТ НЫСАНДАРЫН АРАЛАДЫ

Елорда мәслихатының депутаттары спорт нысандарындағы инфрақұрылым мен спорттық инвентарьдің жай-күйін бағалау мақсатында көшпелі кеңес өткізді.

Астана қаласы мәслихатының төрағасы Табиғат Зейнұлқабденнің айтуынша, аралау барысында халық қалаулылары Орталық саябақтағы шаңғы-роллер трассасы, «Толқын» спорт кешені және №8 БЖСМ мекемелерінде болды. Нысандардың жағдайына, жабдықтардың сапасына және спортпен айналысуға жасалған жағдайларға ерекше назар аударылды.

– Тексеру барысында жедел шешуді қажет ететін бірқатар мәселелер, атап айтқанда, жабдықтардың тозуы, инвентарьді жаңарту қажеттілігі, сондай-ақ күмбезді конструкциялар мен газон жабынының жағдайы анықталды. Сонымен қатар, нысандардың тұрғындар үшін қолжетімділігі, спорт алаңдарын тиімді пайдалану және олардың жүктемесін арттыру мәселелері талқыланды.

Көшпелі кеңес қорытындысы бойынша бейінді басқармаларға анықталған кемшіліктерді кезең-кезеңімен жоюға бағытталған тиісті тапсырмалар беріледі. Бұл бағыттағы жұмыстар депутаттық бақылауда болады.

Спортпен айналысуға арналған қауіпсіз, заманауи және қолжетімді жағдайлар жасау, әсіресе балалар мен жастар үшін қызметтің басым бағыттарының бірі болып қала береді, – деді мәслихат төрағасы.



LRT ЕРЕЖЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Астанада жеңіл рельсті көлікті (LRT) іске қосу қарсаңында жолаушыларды тасымалдау ережелері Қоғамдық кеңес мүшелерінің талқысына ұсынылды. Жиында қала тұрғындарының жайлылығына тікелей әсер ететін құжаттың күнделікті қолданыстағы нормаларын келісу мәселесіне назар аударылды.

Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ

Аталмыш қағидалар жобасын Астана қаласы Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасының басшысы Асхат Қарағойшин таныстырды. Құжатта маршруттарды ұйымдастыру, жолақы төлеу жүйесі, жолаушылардың құқықтары мен міндеттері толық қамтылған. Дегенмен, отырыс барысында ең көп талқыланған тұстар күнделікті өмірге қатысты нормалар болды.

Ережеге сәйкес, тасымалдаушы балаларға тегін жол жүру мәселесін өз бетінше шешуге құқылы. Ведомство өкілдері бұл бағытта алдағы уақытта оң шешім қабылдануы мүмкін екенін жоққа шығармады.

Сондай-ақ үй жануарларын белгіленген талаптарды сақтай отырып тасымалдауға рұқсат етіледі. Ал жабайы жануарларды қоғамдық көлікпен алып жүруге тыйым салынады. Қоғамдық кеңес мүшелері бұл мәселеде нақты шектеулер мен түсінікті талаптардың болуы маңызды екенін атап өтті.

Маңызды бағыттардың бірі – төлем жүйесі. Әзірлеушілердің мәліметінше, болашақта LRT мен автобус бағыттарына арналған жол жүру карталарын бірыңғай жүйеге біріктіру жоспарлануда. Бұл жолаушыларға көлік түріне қарамастан бір ғана төлем құралын пайдалануға мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, жаңа ережелер тасымалдауды ұйымдастыру тәртібін, маршруттарды бекіту қағидаларын, төлем шарттарын, сондай-ақ барлық қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін айқындайды. Құжат қолданыстағы заңнамаға сәйкес әзірленген және елордадағы жаңа көлік жүйесінің негізі болмақ.

Жиында бұдан бөлек кадр даярлау және тұрғын үй қорын жаңарту мәселелері де қаралды.

Күн тәртібінің ауқымды бөлігі білім беру саласына арналды. Білім басқармасы 2026-2030 жылдарға арналған жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын бекітуді жоспарлап отыр. Басқарма басшысы Қасымхан Сенғазыев бұл бастама елорда экономикасы мен әлеуметтік саланың сұранысына сай кадрлық резерв қалыптастыруға бағытталғанын айтты.

Жиында қалалық орта мәселесі де назардан тыс қалмады. Атап айтқанда, 2030 жылға дейінгі тұрғын үйді жаңғырту бағдарламасына өзгерістер енгізу, сондай-ақ бұрын қабылданған бірқатар қаулылардың күшін жою арқылы тұрғын үй қорын жаңғырту тәсілдері ұсынылуда. Бұған қоса жасыл желектерді отырғызу, күтіп-баптау және қорғау қағидаларын жетілдіру жоспарланып отыр.

Алда спорт саласында да өзгерістер болмақ. Атап айтқанда, 2018 жылы бекітілген басым спорт түрлерінің қолданыстағы тізбесін жою ұсынылуда.



500-ден АСТАМ САЙТ БҰҒАТТАЛДЫ

Астанада «Заң мен тәртіп» қағидатын іске асыру аясында қала әкімінің орынбасары Ерік Мейірханның төрағалығымен нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы іс-қимылға бағытталған мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру жөніндегі ведомствоаралық штабтың отырысы өтті.

Кездесу барысында ведомствоаралық штабтың бірінші тоқсандағы жұмысының қорытындысы шығарылып, алдағы кезеңге арналған міндеттер, сондай-ақ атқарушылық тәртіпті күшейту мәселесі айтылды.

«Қазіргі жағдайда есірткі заттарының 90%-ы байланыссыз тәсілмен сатылады, сондықтан біз есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл тәсілін өзгертіп, онлайн сату арналарының жолын кесуге және анықтауға басымдық беріп отырмыз. 562 есірткі сайты бұғаттауға жіберілді, олардың ішінде жастар арасында кең таралғаны да бар, күмәнді операциялары бар 378 карта бұғатталды. 369 оқиға анықталды, оның ішінде 125 сату фактісі бар. Заңсыз айналымнан 45 келі 521 гр түрлі есірткі, оның ішінде 15 келі синтетикалық есірткі тәркіленді. Есірткіні жарнамалауға қатысты 4 қылмыстық іс қозғалды, 75-тен астам есірткі граффити өшірілді. «Күлдіргіш газды» пайдалануға қатысты 20 қылмыстық іс қозғалды, заңсыз айналымнан 70-тен астам баллон тәркіленді» деді Астана қаласы Полиция департаментінің Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының бастығы Мақсат Әбікен.

«Ең алдымен ақпараттық-түсіндіру жұмысын жастар арасында күшейту қажет, әсіресе демалыс кезеңі жақындап келеді. Осы жазда елордада спорт, киберспорт бағытындағы көптеген бұқаралық іс-шара өтеді, олардың аясында жастарды кең қамтитын ірі есірткі қылмысына қарсы акциялар ұйымдастыруға болады» деді Астана қаласы әкімінің орынбасары Ерік Мейірхан.

Сондай-ақ ол есірткі бизнесіне қарсы күрес үшін IT-технологияларды дамыту қажеттігін атап өтті. Оның ішінде қала көшелерінде есірткі жасырып кетушілерді және есірткі графитиін салушыларды анықтау да бар.

Отырыс барысында мектеп оқушылары мен студенттерді еңбек және қоғамдық қызметке тарту, елорданың қоғамдық көлік жүргізушілерін жүйелі түрде наркологиялық тестілеу мәселелері қаралды.

ЕСІРТКІ ГРАФФИТИЛЕРІ БОЯЛДЫ

«Заң мен тәртіп» қағидаты аясында елордада есірткімен күрес жұмысы бойынша есірткі сайттары мен Telegram-арналардың сілтемесі жазылған граффитилерді бояу арқылы оны жою жұмысы жалғасуда. Астана қаласы полиция департаменті Есірткіге қарсы іс-қимыл жөніндегі басқармасы, Есіл ауданы әкімдігі өкілдері және «Астана жастары» жастар ресурстық орталығы еріктілерінің қатысуымен сондай жұмыс аудандағы әл-Фараби даңғылы, 30/4 мекенжайында жүргізілді.

Райхан РАХМЕТОВА

Іс-шара «Астана – есірткісіз қала» жалпықалалық акциясы шеңберінде өтті. Оның мақсаты – есірткіге қатысты құқық бұзушылықтың алдын алу, есірткі заттарының таралуына қатысты теріс көзқарасты қалыптастыру, сонымен қатар қоғамдық қауіпсіздік деңгейін арттыру. Астана қалалық полиция департаменті Есірткіге қарсы іс-қимыл жөніндегі басқарманың жедел уәкілі Жандос Сейтеновтің айтуынша, мұндай рейдтер аптасына бір рет жүргізіліп тұрады.

– Астана қаласы өте үлкен, бәрін қамту үшін рейдтер көп жүргізілуі керек. Мұндай граффитилерді көбіне адам көп шоғырланатын жерлерге жазып кетеді. Атап айтқанда, саябақтарда, қаланың сыртында, үй, ғимарат қабырғаларына, әсіресе камера қойылмаған жерге жазады. Мұндай рейдтерден бөлек, әрбір аудандағы учаскелік инспекторлар көріп қалса немесе тұрғындар айтқан бойда өздері бояп кетіреді, себебі есірткі граффитилері нашақорлықпен айналысатындар үшін есірткіге қол жеткізуге ақпарат береді. Биыл қала бойынша 100 граффити боялса, былтыр 2 мыңнан астам граффитиді бояп, есірткі туралы берілетін ақпараттарды жойдық. Айта кетерлігі, осындай қарқынды жұмыстың арқасында граффитилер азайып келеді, – дейді полиция өкілі.

Астана қаласы Есіл ауданы әлеуметтік сала бөлімінің бас маманы Әлнияз Тұрсынбайұлының айтуынша, жыл басынан бері аталған ауданда осындай 7 рейд жүргізілген.

– Былтыр 15 рейд ұйымдастырылып, соның барысында анықталған 20 нысанда 42 граффитиді боядық. Бұл жолы 9 граффити боялды. Бірлескен жұмыстар одан әрі жалғасын табады, – дейді ол.



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП – ҚАУІПСІЗ БАЛАЛЫҚ КЕПІЛІ

Елордада «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында Астана қаласы Полиция департаментінің бастамасымен кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жүйесін нығайтуға және құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған «Заң мен тәртіп – қауіпсіз балалық шақ кепілі» форумы өтті.



Іс-шараға полиция қызметкерлері, бала құқықтары жөніндегі уәкіл, педагогтер, мәслихат депутаттары, салалық мемлекеттік және медициналық мекемелердің қызметкерлері, психологиялық қызметтер, қоғамдық ұйымдар мен ата-аналар қауымдастығы қатысты.

Форумның негізгі мақсаты – балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қолайлы әлеуметтік ортаны қалыптастыру бойынша кешенді әрі тиімді шараларды әзірлеу.

Іс-шара барысында құқық қорғау органдарының өкілдері баяндама жасады. Атап айтқанда, ҚР ІІМ Әкімшілік полиция комитетінің ювеналды полиция басқармасының бастығы полиция полковнигі Әсет Оспанов, сондай-ақ Астана қаласы ПД Қоғамдық қауіпсіздік басқармасының бастығы полиция полковнигі Марат Өмірбаев кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың қазіргі жайкүйі туралы өзекті деректерді ұсынып, негізгі үрдістерді атап өтті және профилактикалық жұмысты күшейту қажеттігін жеткізді.



Форум барысында қатысушылар профилактиканың негізгі бағыттарын талқылады. Олардың қатарында жасөспірімдер қылмысының алдын алу, балалардың цифрлық кеңістіктегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету, психологиялық қолдауды дамыту, сондай-ақ өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі отбасының рөлін күшейту мәселелері бар.

Сонымен қатар, жасөспірімдер арасында құқықтық мәдениетті қалыптастыруға ерекше назар аударылды. Іс-шара аясында «Құқықтық көмекші» чат-боты таныстырылды – бұл жастардың құқықтық сауаттылығын арттыруға және қажетті ақпаратқа ыңғайлы форматта қол жеткізуге мүмкіндік беретін заманауи цифрлық құрал.

Астана қаласының Полиция департаменті кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың деңгейін төмендетуге, сондай-ақ олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған кешенді профилактикалық шараларды жүйелі түрде жүзеге асырып келеді. Осындай іс-шараларды өткізу ведомствоаралық өзара іс-қимылды нығайтуға және өзекті мәселелерді шешуде бірыңғай тәсіл қалыптастыруға ықпал етеді.

Форум қорытындысында қатысушылар қауіпсіз балалық шақты қамтамасыз ету – мемлекеттік саясаттың басым бағыты әрі қоғамның барлық институтының ортақ жауапкершілігі екенін атап өтті. Тек бірлескен күш-жігер арқылы әрбір баланың өзін қауіпсіз сезінуіне жағдай жасауға болады.

ЭВАКУАЦИЯЛАУ АҚЫЛЫ БОЛАДЫ

Елордада жол ережесін бұзғаны үшін көлік құралдарын ақылы эвакуациялау жүйесі енгізілді. Бұл шара жол қозғалысының қауіпсіздігін арттыруға және көлік жүктемесін азайтуға бағытталған.

Қалалық жол қозғалысын ұйымдастыру орталығының мәліметінше, Астанада арнайы эвакуаторлар жұмыс істеп, ереже бұзған жүргізушілердің көліктерін коммуналдық тұрақтарға жеткізеді.

– Бұл өз кезегінде кептеліске себеп болып, қозғалысты шектейді. Бүгінде елордада келіп-кететін көліктерді қоса есептегенде 600 мыңнан астам автокөлік бар. Автоматтандырылған жүйелер күн сайын екі мыңнан астам осындай құқықбұзушылықты тіркейді. Мәслихат шешіміне сәйкес, ең алдымен жаяу жүргіншілер өткелдерінде, тротуарларда және мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған орындарда дұрыс қойылмаған көліктер эвакуацияланады. Мұндай бұзушылықтар жаяу жүргіншілер мен жүргізушілердің қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді, – деді Орталық директоры Марат Садуов.

Эвакуация адамдар көп шоғырланатын, тыйым салу белгілері орнатылған және қозғалысқа кедергі келтіретін аумақтарда жүргізіледі.

Процесс толық цифрландырылған: арнайы жүйелер құқықбұзушылықты тіркеп, мәліметтерді полицияға жібереді. Кейін көлік иесіне eGov Mobile арқылы хабарлама жолданып, шешім қабылданады. Эвакуация туралы қаулы полиция қызметкері тарапынан цифрлық сервистер арқылы рәсімделеді. Егер жүргізуші құқықбұзушылықты сол жерде түзесе, көлік эвакуацияланбайды, тек әкімшілік шара қолданылады. Ал көлігін таппай қалған жүргізушілер 102 немесе 112 нөмірлеріне хабарласып, ақпарат ала алады. Көлікті қайтару үшін полиция департаментінің әкімшілік тәжірибе бөліміне жүгініп, рұқсат алып, арнайы тұрақтан алып кетуі қажет.

«Эвакуация құны 3 АЕК-ті құрайды, ал тұрақта сақтау ақысы бөлек төленеді. Қала тұрғындары мен қонақтары жол қозғалысы ережелерін сақтауы және өзгелерге кедергі келтірмеуі тиіс» дейді мамандар.

№50-51 (4949) 30/04/2026 Бейсенбі

ЭТНОСАРАЛЫҚ ДИАЛОГТЫҢ МАҢЫЗДЫ ТЕТІГІ

Қазақстан Республикасында қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайту – мемлекеттік саясаттың өзекті бағыттарының бірі. Осы тұрғыда этномәдени бірлестіктер этносаралық қатынастар саласындағы тұрақтылықты қамтамасыз ететін, мәдени әралуандықты сақтай отырып, ортақ азаматтық бірегейлікті қалыптастыратын маңызды қоғамдық институттар ретінде көрініс табады. Астана қаласы өзбек этномәдени орталығы – басқа да бірлестіктермен бірге осы үдерістің белсенді қатысушысы әрі практикалық деңгейдегі тиімді үлгісі.



Өзбек орталығы қызметін «Біз әртүрліміз, бірақ теңбіз» қағидаттарына негіздей отырып, қоғамдағы өзара құрмет, сенім және теңдік құндылықтарын жүйелі түрде ілгерілетуде. Бұл қағидаттар нақты жобалар мен қоғамдық бастамалар арқылы іске асырылып келеді. Этномәдени орталықтың қызметінде ұлттық бірлік пен қоғамдық келісім идеяларын насихаттайтын маңызды бағыттардың бірі – жалпыхалықтық және мемлекеттік маңызы бар мерекелерге белсенді қатысу. Әсіресе, 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні этносаралық үйлесімділіктің символы ретінде ерекше мәнге ие. Бұл мереке аясында этномәдени бірлестіктер өздерінің мәдени мұрасын таныстырып қана қоймай, қоғамдағы өзара сыйластық пен татулықты нығайтудың жарқын үлгісін көрсетеді. Өзбек этномәдени орталығы да бұл іс-шараларға белсенді қатысып, мәдени көрмелер, концерттік бағдарламалар, ұлттық тағамдар фестивальдері арқылы халықтар арасындағы достықты дәріптейді. Сонымен қатар Алғыс айту күні қоғамдағы ризашылық мәдениетін қалыптастыратын маңызды әлеуметтік-идеологиялық алаң ретінде ерекшеленеді. Бұл күні этномәдени бірлестіктер бір-біріне, мемлекетке және қоғамға деген алғысын білдіру арқылы өзара құрмет пен сенімді арттырады. Наурыз мейрамы болса, мәдени әралуандық пен ұлттық бірліктің табиғи үйлесімін айқындайтын мереке ретінде этностар арасындағы жақындастықты күшейтеді. Өзбек этномәдени орталығы ұйымдастыратын «Сумаляк» дәстүрі мен мәдени іс-шаралар жалпыұлттық мәдени кеңістіктің ажырамас бөлігіне айналған. Аталған іс-шараларға қатысу этномәдени бірлестіктер үшін тек мәдени өзін-өзі таныту ғана емес, бұл – қоғамдық келісімді нығайтудың, этносаралық диалогты дамытудың және азаматтық бірегейлікті қалыптастырудың маңызды тетігі. Олар идеологиялық тұрғыдан «алуандылықтағы бірлік» қағидатын нақты мазмұнмен толықтырып, қоғамдағы тұрақтылық пен бірлікті қамтамасыз етуге қызмет етеді.

Этномәдени бірлестіктер мәдени ерекшелікті жалпыұлттық бірлікке қарсы қоймай, керісінше, олардың бірін-бірі толықтыруын аша отырып, қазақстандықтардың ортақ азаматтық бірегейлігін қалыптастыруға белсене қатысуы тиіс. Осы орайда барша қазақстандықтарды 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл мереке – біздің ортақ құндылықтарымыздың, өзара құрмет пен сенімнің, бейбітшілік пен келісімнің айқын көрінісі. Астана қаласы өзбек этномәдени орталығы атынан және өз атымнан баршаңызға зор денсаулық, амандық, бірлік пен береке тілеймін! Елімізде әрдайым татулық пен тұрақтылық салтанат құрып, ортақ шаңырағымыз – Қазақстан Республикасының дамуы мен өркендеуі жолындағы бірлігіміз нығая берсін!

Шерзод ПУЛАТОВ,
Астана қаласы өзбек этномәдени орталығының төрағасы



ЖАН-ЖАҚТЫ ҚОЛДАУДЫҢ ЖАРҚЫН КӨРІНІСІ

Корей ұлттық мәдени орталығы Целиноградта 1989 жылы құрылып, бірден балалар мен ересектерге арналған корей тілі курстары ұйымдастырылды. Этникалық корейлер корей тілі мен жазудың негіздерін ғана емес, тарихын, әдет-ғұрпы мен мәдениетін де білуге мүмкіндік алды.

1995 жылы Корей республикалық қоғамдық ұйымы Қазақстан корейлері қауымдастығы болып қайта құрылды. Осы жылдары филиал Астана қаласындағы ең ірі және белсенді этномәдени бірлестіктер қатарында көрініп, талай рет грамоталармен, жүлделермен және басқа да наградалармен марапатталды. Орталық фестивальдер, спорттық жарыстар сияқты көптеген бірлескен іс-шараларды жиі өткізеді. 1997 жылы корейлердің Қазақстанда тұрғанына 60 жыл толуы атап өтілді.

Қоғамдағы өзгерістер мен Астананың қарқынды өсуі бірлестік жұмысының жаңа жолдары мен әдістерін іздеу қажеттілігін көрсетті. Өткізетін іс-шаралары жоғары деңгейге көтерілді. Жыл сайын Е.Рахмадиев атындағы мемлекеттік академиялық филармониясында республикалық корей театрының, қазақстандық және ресейлік эстрада жұлдыздарын шақыра отырып Жаңа жылды атап өту мүмкін болды. Қарттар үйі мен балалар үйіне материалдық көмек көрсетіледі. Ұрпақтар сабақтастығына көп көңіл бөлінеді, үш ұрпақтың кездесулері үнемі ұйымдастырылады. Онда ақсақалдар 2002 жылдың сәуірінен бастап құрылған және сәтті жұмыс істеп келе жатқан филиалдың Жастар қанатының өкілдерімен өмірлік тәжірибесімен бөліседі.

2011 жылы филиал Астана қаласы Корей этномәдени бірлестігі болып қайта тіркелді. 1993 жылы ашылған корей жексенбілік мектебінде мұғалімдердің арқасында үлкен тәжірибе мен қызықты әдіс жинақталды, ол тек корей ұлтының балалары мен ересектеріне ғана емес, мектептегі әртүрлі ұлттардың балаларына да ұнайды. Әр оқу жылының соңында ашық сабақтар өткізіліп, оған Астана қаласы әкімдігі мен білім басқармасының қызметкерлері қатысады.

1994 жылы құрылған «Миссон» корей би ансамблі 60 адамнан тұрады. Ансамбльге 2019 жылы «Халықтық» атағы берілді. 2000 жылы «Чен-Рю»вокалдық ансамблі құрылды, репертуарында 40-тан астам ән бар ұжымда 20 әйел ән айтады. Бұл ансамбльге де 2013 жылы «Халықтық» құрметті атағы берілді. Қазақстандағы корейлердің 70 жылдығына орай «Үміт пен бақыт жағалауы» кітабы жарық көрді, онда Астанадағы көптеген корейлердің тағдыры бейнеленген. Жыл сайын бірлестіктер арасында шахмат турнирлері өтеді. Турнирлер әрқашан бір кесе шаймен және ұзақ әңгімелер, естеліктер айтумен, сыйлықтар мен кәдесыйлар алмасумен аяқталады, бұл әрбір жанның жүрегінде жақсы әсер қалдырады.

– Қазақ жерінде тамыр жайған корей этносы қашан да мемлекет тарапынан үлкен қолдау көріп, өз тілі мен дәстүрін дамытуға зор мүмкіндіктер алып келеді. Елдегі түрлі этностардың ортақ мейрамы - 1 мамыр мерекесінде осы татулық пен достық, құрметіміз одан әрі арта берсін дегім келеді. Қазақстан – біздің туған Отанымыз, ата-бабаларымыз кезінде осында түрлі жағдаймен қоныс аударып, олардан тараған ұрпақтар бүгінде оны туған Отаны санайды. Өзге этностарды жатсынбай, жанына жақын тұтқан қазақ еліне мың алғыс, – дейді Астана корейлері этномәдени бірлестігінің төрағасы Евгений Цой.

САРЫАРҚАНЫҢ САРЫ ҚЫЗЫ

Жақында елордада өзге этнос өкілдері арасында «Алтын шаңырақ» атауымен алғаш рет республикалық айтыс өтті. Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған аталмыш сөз сайысын Астана қаласының әкімдігі мен қалалық Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының қолдауымен Айтыс ақындары мен жыршы, термешілердің халықаралық одағы ұйымдастырды. 12 этнос өкілі 6 жұп болып сөз жарыстырған айтыста астаналық Эльдана Габерман жарқырай көрініп, екінші орынды иеленді. Бүгінгі әңгімеміз де жүрегі қазақ деп соғатын өнерлі осы неміс қызы туралы болмақ.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ



Кереку өңірінен шыққан халық композиторы Майра Уәлиқызы әкесі татар болса да, қазақ әндерін шырқап жүріп, елге кеңінен танылды. Жанынан «Майраның әні» атты төл туындысын шығарып, даңқы қазақ жеріне жайылды. Бұған әншінің анасы, қазақ қызы Қатираның ықпалы болған секілді.

Осы сияқты сол өңірдің Аққұлы ауданының тумасы Эльданаға да қазақ тіліне құштарлық ана сүтімен, ана тәрбиесімен дарыды. Әншінің анасы Зәуре Желдібаева қызына тілді ғана емес, қазақы тәрбиені сіңірді. Эльдана қазақтың салт-дәстүрлерін жақсы біледі. Әсіресе, тұсаукесер рәсімі өзіне ерекше ұнайды. Ұлттық тағамдарды да дәмді етіп пісіреді. Соның ішінде әрине, еттің алатын орны бөлек. Бұл тағамды жақсы дайындайды.

Эльдана әнге бала кезінен құштар болды. Оқушы кезінен түрлі байқауларға қатысты. 11 жасында әйгілі әнші, Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның Еңбек Ері Роза Рымбаеваның батасын алды. Эльдана шырқайтын әндер де Роза Қуанышқызының жұлдызын жандырған Сейдолла Бәйтерековтің «Әлия», Төлеген Мұхамеджановтың «Құс жолы», т.б. осы сынды танымал әндерден тұрады. «Әлия» Эльдананың үлкен сахнаға жолын ашты. Осыдан тура 20 жыл Астанаға келіп, «Жас қанат» байқауында бағын сынады. Дипломант атанып, сол бойы елордада қалып қойды.

Бастапқыда астаналық филармонияда қызмет істеді. Содан соң Ұлттық ұлан ансамблінде 10 жылдан астам жұмыс істеп, Қазақстан Қарулы күштері Орталық ансамбліне қабылданды. Қазір осы өнер ұжымының әншісі. Әскери салада жүргеніне биыл 17 жыл болды. Репертуарындағы әндер де сарбаздардың рухын көтеретін патриоттық туындылардан және эстрада әндерінен тұрады.

Түрлі өнер сайыстарынан алған олжалары аз емес. Атап айтқанда, «Тіл – татулық тірегі» атты республикалық байқаудың бас жүлдесін, «Виват, Қазақстан» әскери-патриоттық әндер байқауында бірінші орынды жеңіп алды. Ал «Алтын шаңырақ» айтысына қатысуға ұсыныс түскенде, ойланбастан бірден қабыл алды. Себебі домбыраны бір кісідей тарта алады. Сол айтыста:

Қазақтың жүрегіндей кең ғой далам,
Киелі топырағы ем ғой маған.
Мен осы топырақта туып өстім,
Сарыарқа, сары дала, кенді айнам.
Әскери қызметтегі батыр қызбын,
Ел қорғау аманат пен ар ғой маған.
Әлия, Мәншүктердің сіңлісі,
Қолына қару алып, ел қорғаған –

деп төгіп те жіберді.

Эльдананың алған – мамандығы режиссер. Бірақ тағдырын ән өнерімен байланыстырды. Ауылындағы мектептен соң, Павлодар қаласындағы Ыбырай Алтынсарин атындағы мектеп-гимназияда оқыса, музыкалық білім алу үшін тағы да алғашқы ұстаздың атын иеленген Арқалықтағы педагогикалық университетке оқуға түсті. Қазір осы оқу орнында оқып жатыр.

Белгілі жыршы, әнші, ұстаз Эльмира Жаңабергенованы жұрт Елмұра есімімен біледі. Бізге де Эльдананы Елдана деп атасақ болады. Ауылда өскен қыздың ауылға аңсары да айрықша. Арманы да – туған ауылына қайтып оралу. Болашақта ауылда мәдениет саласында қызмет істегісі келеді. Сол мақсатына жетуіне тілектеспіз.

АСТАНА ТӨРІНДЕГІ ӘМУДАРИЯ ЖАҢҒЫРЫҒЫ

Қазіргі таңда Қазақстанның елордасы – Астана қаласы – тек саяси-экономикалық орталық қана емес, сонымен бірге сан түрлі ұлттар мен ұлыстардың мәдениеті тоғысқан, рухани достықтың символына айналған бірегей мегаполис. Осы көп қырлы мәдени мозаиканың ішінде өзіндік өрнегімен, бай тарихымен және ерекше дәстүрімен дараланатын ұйымдардың бірі – «Жайхун» қарақалпақ этномәдени бірлестігі.



2016 жылдың 9 желтоқсанында іргетасы қаланған бірлестік аз уақыт ішінде Астананың қоғамдық өмірінде айтарлықтай орын алып, Қазақстанда тұратын қарақалпақ ағайындардың рухани орталығына айналды. «Жайхун» атауының өзі терең мағынаға ие: ол Әмудария өзенінің көне атауы ретінде халықтың тамырынан нәр алып, болашаққа бет алған ұлы көштің символы іспеттес. Кез келген ұлттың өміршеңдігі оның тілі мен мәдениетінің сақталуына тікелей байланысты екенін ескерсек, бұл бірлестіктің құрылуы уақыт талабынан туған.

Бірлестік мүшелері үшін бұл ұйым тек құжат жүзіндегі кеңсе емес, бұл – алыстағы атамекеннің жылуын сезіндіретін, ана тілінің әуезі естілетін, ұлттық киімнің әрбір оюы бай тарихтан сыр шертетін киелі шаңырақ. Қарақалпақ мәдениеті – Орталық Азия өркениетінің ажырамас бөлігі. Бірлестік аясында жүргізіліп жатқан жұмыстар дәстүрді жай ғана мұражай жәдігері ретінде емес, тірі, даму үстіндегі процесс ретінде көрсетуге бағытталған. Қарақалпақ жыраулары мен бақсыларының өнері, Бердақ пен Әжінияз сияқты ұлы ойшылдардың жырлары – бірлестік іс-шараларының өзегі. Осы асыл мұраны Астананың қақ ортасында паш ету – үлкен жауапкершілік пен мақтаныш. Қарақалпақ әйелдерінің шеберлігінен туған сәукеле, көйлек өрнектері мен киіз үй жабдықтарының жасалу жолдары жастарға дәріптеліп, ұлттық қолөнердің қыр-сыры ашылады.

«Жайхун» бірлестігінің жетістігі – оның оқшауланбай, керісінше, Қазақстан халқы Ассамблеясының белсенді мүшесі болуында. Орталық – Астана қаласында өтетін барлық ірі мәдени форумдар мен фестивальдердің тұрақты қатысушысы. Бұл – мәдениеттер диалогының үздік үлгісі. Қарақалпақ өнері қазақ, орыс, өзбек және басқа да ұлттардың өнерімен астасып, ел бірлігін нығайта түседі.

– Мәдениетті диалог, шығармашылық, шынайы қарым-қатынас және өзара құрмет арқылы біз Қазақстан халқының көп қырлы мозаикасына өз үлесімізді қосып келеміз. Бұл орта шығармашылық тұлғалардың үйіне айналып, қарақалпақ поэзиясы мен музыкасы астанадағы басқа этникалық топтардың өнерімен үйлесім табатын кештердің ұйытқысы болды, – дейді «Жайхун» қарақалпақ этномәдени бірлестігінің төрайымы Тазабике Салиева.

Диаспораның әрбір мүшесі өз тамырына адал бола отырып, бұл жерде қолдауды сезіне алады. Астананың жылдам даму қарқынына сай әрқайсысының тоқтайтын, терең тыныс алатын және үйдің жылуын сезінетін жері бар екенін еске салады. Мұнда дәстүрлер оқулық бетінде қатып қалмай, жас ұрпақтың жүрегінде сақталады.



Бірлестік мұра сақшысы ретінде қарақалпақ тілін, фольклорын және қолөнерін мұқият сақтап, оны жастарға жеткізу арқылы ұрпақтар байланысының үзілмеуін қамтамасыз етіп отыр. Бұл жұмыс – халықтың рухани болмысын сақтап қалудың кепілі.

«Жайхун» қарақалпақ этномәдени бірлестігінің маңызы арта бермек. Бұл ұйым – тек бір ұлттың мүддесін қорғаушы емес, Қазақстан атты ортақ үйіміздің іргесін бекітетін алтын қазықтың бірі. Қарақалпақ халқының бай тарихы мен Астананың заманауи мүмкіндігі ұштасқан жерде «Жайхунның» жұлдызы әрқашан жарық болмақ.

– Біз үшін бұл – тек ұйым емес, ар-ожданымыз, тіліміз бен ділімізді сақтап қалатын мәңгілік рухани астанамыз. Мәдениет халықтың төлқұжаты болса, «Жайхун» – сол төлқұжатты әлемге мақтанышпен паш етіп, бірлік пен достықтың шынайы үлгісін көрсетіп келе жатқан қадірлі шаңырақ болып қала береді. Әрбір музыка дыбысы, ана тіліміздің әрбір сөзі және ұлттық киіміміздің әрбір үлгісі Әмудария жағасында тамыр жайған бай тарихты Астана төрінде жаңғырта береді, – дейді бірлестік басшысы.

Бетті дайындаған **Райхан РАХМЕТОВА**

ТАТУЛЫҚ ПЕН БІРЛІК МЕКЕНІ

Еліміздегі поляктардың тарихы бір ғасырға созылады және тамыры терең, дәстүрі бай. Ел аумағына 1930-жылдары Ресей патшалығы саяси қарсыластары мен бостандық үшін күресушілерді жер аударды, солардың арасында поляктар да көп болды. Олардың көпшілігі, мысалы, Адольф Янушкевич, Густав Земенский және Бронислав Залевский өмірі мен шығармашылығын Қазақстанға арнап, қазақ тарихы мен мәдениетін дамытуға елеулі үлес қосты.

1936 жылы Украинадағы сталиндік қуғын-сүргін кезінде поляк ұлттық аудандары жойылды. Депортацияның екінші кезеңі – 1939 жыл. Әртүрлі дерек бойынша Украинадан Қазақстанға 190 мыңға жуық поляк жіберілді. Қазақстандағы алғашқы бейресми бірлестіктер 80-жылдардың соңында құрылды. Мұндай топтар Қарағанды, Көкшетау және Алматыда ашылды. Целиноградта 1992 жылы бой көтеріп, 1999 жылдың қыркүйегінде «Polacy» бірлестігінің негізі қаланды.

– Бірлестігіміздің қызметі ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды жаңғыртуға және дамытуға, поляк тілі мен поляк мәдениетін зерттеуге бағытталған. Қазіргі уақытта қоғамда 121 адам бар. Жастар қанатында 45 адам поляк әндері мен билерін орындайды және билейді. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлының дана саясатының арқасында бізде осындай мүмкіндік бар.



Тарихи отанымыз – Польшамен байланысты қолдай және нығайта отырып, қазақстандық поляктар Қазақстанды өздері туған, аман-есен өмір сүретін және жұмыс істейтін, аталарының, аталары мен арғы аталарының қабірі орналасқан Отаны ретінде ризашылықпен қабылдайды. Біздің бірлестік Қазақстанның біртұтас халқының этникалық топтары арасында лайықты орын алады, басқа диаспоралармен ең тығыз және достық қарым-қатынасты сақтайды, сондай-ақ Қазақстан мен Польшаның мемлекеттік және қоғамдық ұйымдарымен ынтымақтастықты сақтайды, – дейді «Polacy» поляк этномәдени бірлестігінің төрайымы Елена Роговская.

Бірлестікте жастар айналысатын екі көркемдік ұжым жұмыс істейді. Атап айтқанда, «Куявячек» би ансамблі және «Стокротка» вокалдық ансамбльдерінің репертуарында поляк, қазақ ән-биі бар. Балалар қалада өзге этностар арасында ұйымдастырылатын конкурстар мен іс-шараларға белсенді қатысады.

– Біздің бірлестік қайырымдылықпен де айналысып, қиын жағдайға тап болған көпбалалы отбасыларға көмек көрсетеді. Алда көптеген идея мен жұмыс бар. Поляк тілін, ата-бабаларымыздың дәстүрін дамытып, өскелең ұрпаққа соны жеткіземіз және сондай мүмкіндік беріп отырған мемлекетімізге алғыс білдіре отырып, елімізге амандық, татулық пен бірлік тілейміз! – дейді бірлестік басшысы.

Акбаржон ИСМАИЛОВ,
ҚХА кеңес мүшесі,
тәжіктердің республикалық этномәдени орталығының төрағасы:

ШЫНАЙЫ ҚҰРМЕТ ПЕН ЖАНАШЫРЛЫҚ



– Мамырдың алғашқы күні күнтізбеде жай ғана мереке болып көрінуі мүмкін, бірақ біз үшін оның мәні әлдеқайда терең. Бұл – ортақ тағдырымыз тоғысқан осы бір киелі шаңырақ астында бір-бірімізге «бауырым» деп айта алатынымызды тағы бір мәрте сезінетін күн. Осындай шуақты мереке қарсаңында баршаңызды Қазақстандағы тәжіктердің республикалық этномәдени орталығының атынан шын жүректен құттықтаймын!

Бүгінде Қазақстанда 61 мыңнан астам тәжік этносының өкілі бірлік пен келісімде өмір сүруде. Осы жердің суын ішіп, ауасымен тыныстап жатқан әрбір тұрғынымыз өзін бөтен сезінбейді, керісінше, қазақ жері біз үшін нағыз ыстық Отанымызға айналды. 2022 жылы құрылған республикалық этномәдени орталығымыз бен оның 11 филиалы бүгінде осы достықтың берік институционалдық тірегі болып отыр. Орталық жанынан құрылған «Ақсақалдар кеңесі», «Аналар кеңесі» және «Жастар қозғалысы» ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз етіп, этнос өкілдерін елдің мәдени және білім беру кеңістігіне бейімдеуде ауқымды жұмыс атқаруда. Біздің басты мақсатымыз – тек өз салт-дәстүрімізді түгендеу емес, сол арқылы ортақ құндылықтарымызды байыта түсу. Мәселен, бүгінгі жастарымыздың мемлекеттік тілде еркін сөйлеп, домбыра тартып, «Жүректен-жүрекке» жобасы аясында су тасқынынан зардап шеккендерге көмектесуі немесе «Мектепке жол» акциясымен мыңдаған балаға қолдау көрсетуі нағыз бірліктің жемісі деп білемін. Мұқтаж жандарға баспана сыйлаудан бастап заманауи спорт кешендерін салуға дейінгі игі істеріміз Отанға деген сүйіспеншіліктің нақты көрінісі емес пе?! Себебі бірліктің шынайы мәні – тек ұранда емес, адамдардың бір-біріне деген шынайы құрметі мен жанашырлығында. Мереке құтты болсын, ағайын! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болып, Қазақстанымыз өркендей берсін! Әр шаңыраққа құт-береке тілеймін!



№50-51 (4949) 30/04/2026 Бейсенбі

ТУҒАН ТІЛІН ТУ ЕТКЕН



Қазақ тіл білімінің дамуына өлшеусіз үлес қосып келе жатқан ғалымдардың бірі – филология ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор Сарқыт Қалымұлы Әлісжан. Оның ғылыми ізденісі, ұстаздық жолы мен қоғамдық қызметі тұтас бір дәуірдің айнасы іспетті.

Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданының Ақши ауылында дүниеге келген болашақ ғалым балалық шағын тарихы терең Алтай өңірінде өткізді. Ауыл өмірінің қарапайым шындығы кейіпкерімізді сөз өнерінің тереңіне сүңгітіп, тұңғиығына тартты. Топырағының киесі болса керек, Ертіс пен Күршімнің жағасында өскен ұл ес білгеннен бастап туған тілін ту етіп, темірқазық тұтты.

Қарымды қаламгер Оралхан Бөкейдің қамшысы тиді ме, кім білсін, Сарқыт Қалымұлы бала кезінде жазушы болуды армандады. Ал бозбала шағында ғұмырына азық болатын тағдырлы шешім қабылдап, қазақ тіл біліміне ден қойды. Кейін қаймана қазағына ғалым, ұстаз һәм тұлға болып танылды.

Студент Сарқыт Әлісжанға ұлт ұстазы, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салған ғалым, ұлттық жазудың реформаторы Ахмет Байтұрсынұлы салған сара соқпақтың сүрлеуіне түсу оңай болған жоқ. Оған сол кездегі С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетінде көз майын тауысып, «кітап кеміруге» тура келді. Себебі ол М.Томанов, А.Аманжолов, Қ.Есенов, М.Серғалиев, Т.Сайрамбаев, С.Мырзабеков, А.Айғабылов, Б.Сағындықов, Х.Кәрімов сынды «атағынан ат үркетін» тілші-ғалымдар және Р.Бердібай, З.Қабдолов, Т.Кәкішев, Р.Нұрғали, А.Қыраубаева, Ж.Дәдебаев, Ш.Ыбыраев, З.Бейсенғалиев, Б.Майтанов секілді танымал әдебиетшілер берген білімді игеру әрі сіңіру үлкен ізденіс пен қажыр-қайратты талап ететінін жете түсінді.

Ғылыми ойлаудың биік мәдениетін меңгерген кешегі студент, бүгінгі ғалым академиктерден алған білімін ғұмырына бағдаршам етті. Ол ғылым жолында өзіне дейінгі «мықты мектептің» дәстүрін сақтап қана қоймай, оны жаңа мазмұнмен байытты.

Осыдан 30 жыл бұрын әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы диссертациялық кеңесте филология ғылымдарының докторы, профессор Т.Сайрамбаевтың ғылыми жетекшілігімен «Қазіргі қазақ тіліндегі философиялық терминдердің қалыптасу процесі» деген тақырыптағы кандидаттық диссертациясын сәтті қорғаған ғалым бүгінге дейін қазақ тіліндегі философиялық терминдердің шығу тегі мен кезеңдік сипатын, лексикалық құрамы мен жасалу жолдарын талмай, танбай зерттеп келеді. Қауымдастырылған профессордың пайымынша, философиялық термин тек атау емес, ол – ұлттың танымы мен ойлау жүйесінің айнасы.

> Сарқыт Әлісжан – тек ғалым, ұстаз ғана емес, қоғам ісіне белсене араласатын тұлға. Ол ҚР Үкіметінің Терминологиялық комиссиясы құрамында еңбек етіп, қазақ терминологиясының дамуына үлес қосты. Әр жылдары диссертациялық кеңесте қызмет атқарып, жас ғалымдардың қалыптасуына ықпал етті. Ғылыми конференциялар мен дөңгелек үстелдерде тіл тағдырына қатысты батыл пікір білдіріп, азаматтық ұстанымын көрсетті

Сарқыт Әлісжан уақыт өте келе ізденіс аясын кеңейтіп, қазақ тіл білімінде бұрын тиісінше зерделенбеген ғылым тілінің құрылымдық және коммуникативтік ерекшелігін зерттеу нысанына айналдырды. Ғылыми жұмысына ғылым тілін, терминологияны, синтаксисті және қазақ тілін оқыту әдістемесін арқау еткен ғалым 2007 жылы А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты жанындағы диссертациялық кеңесте «Ғылыми тіл синтаксисінің құрылымдық-коммуникативтік негіздері» атты докторлық диссертациясын қорғады. Бұл еңбек қазақ тіл біліміндегі ғылыми стильді жаңа қырынан танытқан маңызды зерттеулердің бірі болды. Ғалым ұсынған «терминдік тіркес» ұғымы қазақ синтаксисіне енгізілген маңызды жаңалық деп қабылданып, қазақ тіл білімінің теориялық деңгейін жаңа сатыға көтерді.

2018 жылы ғалым ғылыми дискурс мәселесін талдап, «Ғылыми дискурстың танымдық негіздері (коммуникативтік-прагматикалық аспект)» атты оқу құралын жарыққа шығарды. Онда ғылыми мәтінді тек тілдік емес, когнитивтік әрі прагматикалық тұрғыдан қарастырып, жаңа қырынан зерделеді. Бұл еңбек бүгінгі тілтаным ғылымымен біте қайнасып кетті.

Ғалымның еңбектерінен ұлттық тілдің ішкі заңдылықтарына деген терең құрмет пен оны заманауи ғылыми парадигмалармен сабақтастыруға деген ұмтылыс айқын байқалады. Ол қазақ тіл білімін оқшау қарастырмай, әлемдік лингвистика жетістіктерімен ұштастыра отырып зерттейді. Осы арқылы ұлттық ғылымның көкжиегін кеңейтіп, оны халықаралық ғылыми айналымға енгізудің жолдарын қарастырады. Бұл – бүгінгі жаһандану жағдайында ерекше маңызды ұстаным. Сарқыт Қалымұлы үшін теория – тәжірибеден ажырамайтын, оны толықтырып, дамытып отыратын тірі жүйе. Ол дәріс барысында күрделі ғылыми ұғымдарды өмірмен байланыстырып, студенттің танымына жақындата түсуді мақсат етеді. Сондықтан оның шәкірттері тек дайын білімді меңгеріп қана қоймай, ғылыми ойлауға, өз бетінше ізденуге дағдыланады. Бұл – нағыз ұстазға тән қасиет.

Ғалым Сарқыт Әлісжанның ұстаздық қызметі – оның тұлғалық болмысының ажырамас бөлігі. Ол – шәкірттерінің жүрегіне талапшылдығымен және жанашырлығымен жол таба білген оқытушы. Дәл осы сөзді ұлағатты ұстаздың дәрісін тыңдап, өнегесін көрген төл шәкірті ретінде жазып отырмын.

Сарқыт Қалымұлы Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Назарбаев университеті және басқа да іргелі жоғары оқу орындарында мен сияқты мыңдаған шәкіртке тәлім-тәрбие беріп, қазақ филологиясының тегеурінді буынын қалыптастырды. Қазір олар қазақ тіл біліміне мүлтіксіз қызмет етіп жүр. Ұстаз үшін бұдан асқан мәртебе, бұдан асқан мерей жоқ шығар деп ойлаймын.

Сарқыт Әлісжан – тек ғалым, ұстаз ғана емес, қоғам ісіне белсене араласатын тұлға. Ол ҚР Үкіметінің Терминологиялық комиссиясы құрамында еңбек етіп, қазақ терминологиясының дамуына үлес қосты. Әр жылдары диссертациялық кеңесте қызмет атқарып, жас ғалымдардың қалыптасуына ықпал етті. Ғылыми конференциялар мен дөңгелек үстелдерде тіл тағдырына қатысты батыл пікір білдіріп, азаматтық ұстанымын көрсетті.

Ғалымның қаламынан туған ғылыми еңбектің саны жүзден асады. Оның монографиялары, оқу құралдары мен ғылыми мақалалары – қазақ тіл білімінің алтын қорына қосылған құнды мұра. Ал өмір жолы – жас ғалымдарға бағыт-бағдар һәм табандылық пен ізденістің жарқын үлгісі.

Ардақ БЕЙСЕНБАЙ,
Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор

АРХИВ САЛАСЫНЫҢ РЕФОРМАТОРЫ ЕДІ

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, архив ісінің ардагері Рысты Халесқызы Сариеваның дүниеден өткеніне, міне, қырық күнге таяп қалды. 28 наурыз туған күні еді, өкінішке қарай, бұл мерейлі күнге жете алмады, жүрегі тоқтап, мәңгілік мекеніне аттанды. Сол күннен бастап ортамыз ойсырап, жүрегімізге орны толмас сағыныш қонып алды.

Ортамыз дейтініміз – архив саласы. Рысты Халесқызы тұтас ғұмырын елге қызмет етуге арнаған, ұлттың рухани қазынасын сақтауға өлшеусіз үлес қосқан біртуар тұлға еді.

Тарихи Бөкей ордасының топырағында дүниеге келіп, ұлағатты ұстаздан мемлекетшіл тұлғаға дейін жүріп өткен жолын бағамдап қарасақ, еңбек жолын мектепте математика пәнінің мұғалімі болып бастағанымен, тағдыр оны үлкен мемлекеттік істерге жетеледі. Қима ауданында, Торғай облыстық атқару комитетінде, Орталық партия комитетінде, Қазақстан Президентінің аппаратында жауапты қызметтер атқарып, биік парасатымен және іскерлігімен дараланды. Қима демекші, сол жер – Рысты Халесқызының белін бекем будырып, биікке жетуіне жетелеген екінші ыстық отаны. Ол – Қима ауданының гүлденуіне орасан зор еңбек еткен жан. Қима жерінде бұл кісі жайында көптеген жақсы естелік айтылып жүреді. Тіпті көрнекті ақын Серік Тұрғынбекұлының «Қимадағы қимасым» деген керемет туындысының өзі Рекеңе арналғанын бәріміз мақтанышпен айта аламыз.

Рысты Халесқызы архив саласының реформаторы еді. Оның есімі еліміздегі архив ісінің тарихымен тығыз байланысты. Ұлттық архивті қалыптастыру жолындағы қажырлы еңбегі, тарихи жадымызды жаңғыртуға бағытталған игі бастамалары ел игілігіне айналған құнды мұрамызға айналды. Өзі басшы болған жылдары архив саласы жаңа тыныс алып, халықаралық деңгейдегі байланыстар нығайып, ұлттық құндылықтарды сақтаудың берік іргесі қаланды.

Рысты Сариеваның есімі Қазақстанның архив ісі тарихында алтын әріппен жазылуы тиіс. 1997-2000 жылдары ҚР Орталық мемлекеттік архивін басқарып, содан кейінгі жылдары еліміздің архив саласының дамуына тікелей ықпал етті. Рысты Халесқызы 1998 жылы қабылданған «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» ҚР заңын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобына жетекшілік етті. Құжат саланың құқықтық іргетасын қалаған тарихи қадам болды. Бұл заң жобасын 1993 жылдары архив ісінің маңдайалды тұлғалары дайындап, сол кездегі Жоғарғы Кеңестің қарауына ұсынған еді. Алайда заң жобасына толықтырулар енгізу қажеттілігі болған соң кері қайтарылған. 1995 жылы Жоғарғы Кеңес таратылып, орнына екі Палаталы Парламент келгеннен кейін бұл заң жобасы қайта ұсынылып, Рысты Халесқызының қажырлы тегеурінінің арқасында бекітіліп шықты.

Рысты Халесқызы Астана төрінде бой көтерген Қазақстан Республикасы Ұлттық архивінің ашылуына ұйытқы болып, оның қалыптасуына өлшеусіз үлес қосты. Көзі тірісінде бір айтқан естелігі әлі есімде. Сонау 2000 жылдардың басында Алатау баурайынан Арқа төсіне үлкен көшке ұласып архив те келген кез. Астанада ол кезде шағын ғана қалалық архив бар, оның құжат қабылдайтын мүмкіндігі аз. Ал орталық мемлекеттік органдардың құжатын қабылдайтын орын – Орталық мемлекеттік архив Алматы қаласында. Мемлекеттік сақтауға қабылданатын құжаттарды екі қала арасында тасымалдауға тура келген кез. Арнайы көлік жоқ, құжаттардың сақталуы мен қауіпсіздік мәселесі тағы бар. Болашақты ойлаған Рысты Халесқызы тікелей ел басшысы Нұрсұлтан Назарбаевқа архив жайында хат жазып, Президент кеңсесіне барады. Ол кезде Президент кеңсесінің басшысы мемлекет және қоғам қайраткері Махмұд Базарқұлұлы Қасымбеков еді. Екеуі де Орталық партия комитетінде қызметтес болған әріптестер-тін. Махмұд Базарқұлұлы – архив және құжаттама ісінің маманы, сондықтан мұрағат саласына бей-жай қарамайтын жанашыр болғаны белгілі. Рысты Халесқызының келген жұмысын толық тыңдап: «Бәрін де түсіндім, қолдан келгенше көмек жасаймыз. Тек үш бетті қысқартып, бір бетке сыйдырып жазыңыз» деп өзінің көмекшісінің компьютерін беріпті. Осылайша бұл құжат Махмұд Қасымбековтің көмегімен Президенттің алдына түсіп, ал өз кезегінде Президент әлгі хатты сол кездегі Премьер-министр болған Нұрлан Балғымбаевқа жолдайды. Осылайша еліміздің бас қаласында сәулеті жарасқан, қазіргі таңда өзінің архитектура дизайнімен таңғалдыратын Қазақстан Республикасының Ұлттық архиві бой көтерді. Еліміздегі архив саласының қос бірдей жанашыры Рысты Халесқызының бастауы және Махмұд Базарқұлұлының қолдауымен орталық мемлекеттік органдардың құжаттарын сақтау мәселесі осылайша шешілген екен.



Рысты Сариева Архив комитетін басқара жүріп, Халықаралық архивтер кеңесінің еуразиялық өңірлік бөлімшесі (ЕВРАЗИКА) төрағасының орынбасары ретінде қазақ архивистерінің беделін әлемдік деңгейге көтерді. Тек басқарушы ғана емес, тарих ғылымдарының кандидаты ретінде 70-тен астам нормативтік-құқықтық құжаттар мен ғылыми еңбектердің авторы болды. «Құрмет» ордені мен «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағы – оның ел алдындағы ақ адал еңбегінің лайықты бағасы.

Ол басқарған жылдары архив жай ғана қойма емес, ұлттың рухани қазынасы, тарихи ақиқаттың алтын діңгегіне айналды. Рысты Халесқызының «Архив – ел тарихының айнасы» деген ұстанымы бүгінгі жас мамандар үшін басты темірқазық болып қала бермек.

Ұлттың өткенін түгендеп, тарихын тасқа басқандай таңбалап қалдыру – екінің бірінің қолынан келе бермейтін қасиетті іс. Осы жолда саналы ғұмырының басым көпшілігін сарп етіп, еліміздің архив ісінің заманауи келбетін қалыптастырған біртуар тұлға, мемлекет және қоғам қайраткері Рысты Халесқызы Сариеваның есімі ел жадында мәңгі сақталмақ. Бір қарағанадамға қаталдау болып көрінетін Рысты Халесқызы тек білікті басшы ғана емес, шын мәнісінде, жүрегі кең, жаны нәзік, айналасына шапағатын төккен абзал жан еді. Оның парасаты мен кісілігі, жылы сөзі мен жанашырлығы әріптестерінің жүрегінде мәңгі сақталады. Ал бейнесі болса – жүрегімізде, парасатты өмір жолы – жадымызда, ал ақыл-кеңесі өмірлік темірқазығымызға айналды.

Ол кісі қандай қызмет атқарса да, алдымен адамдық борышын жоғары қойған жан. Қай кезде де айналасына шуағын шашып, бәрімізге қамқор болған тұлға еді.

Рысты Халесқызының өмір жолы – бір кітапқа жүк боларлық тағылым. Ол кісі артына тәрбиелі ұрпақ, таза атын, қадірлі есімін қалдырды. Бүгінде Рысты Халесқызының тәрбиесін көрген шәкірттері сағынышпен еске ала отырып: «Біздің Рысты Халесқызы!» деп мақтанышпен айтып келеміз. Өзі тәрбие берген шәкірттері өсіп-өніп, қазіргі таңда еліміздің әр саласында табысты еңбек етіп келеді. Бұл ұстаздың шын бақыты болса керек. Осы орайда Сайын Мұратбековтің «Кәментоғай» әңгімесіндегі Кәменнің өзі баптап өсірген ағаштарының орманға айналғанын көріп: «Менің тоғайымның бұтақтары ғой» деп айтатындай, маған ұстазымыз Рысты Халесқызының рухы бізді көріп, «менің шәкірттерім ғой» деп мейірлене қарап тұрғандай...

Жангелді БИМОЛДИН,
Астана қаласы Мемлекеттік архивінің директоры

ЖАНЫ ЖАЙСАҢ ЖАҚСЫ АДАМ



Ғасыр жасаған қариядан: «Өмірдің талай белесінен өттіңіз, соның ішінде қай жас адамға жақын екен?» деп сұрағанда: «Әрине, жалындаған жастық шаққа жетер жоқ. Бірақ ұрпағың өсіп, жапырағың жайылып, ақсақалдыққа жеткенде 70 деген жастың орны бөлек екен. Себебі араласатын ортаң болады. Әзіл-қалжыңы жарасқан құрдастарың, әріптес, қызметтес достарың бар. Алдыңда ақылдасатын ағалар, артыңда ақыл-кеңес сұрайтын інілер бар. Қоғамнан да тыс қалмайсың. Кәрі де емес, жас та емес, бір тоқмейілсіп жүретін мамыражай кезең екен» деген ел арасында жағымды бір әңгіме айтылады. Сондай бір белеске шығып, жетпістің желкенін көтерген Мейрамбай Әскербайұлы Ораловты мерейлі жасымен құттықтаймыз!

Мейрамбай Әскербайұлы Оралов 1956 жылдың 30 сәуірінде Ақмола қаласында дүниеге келген. Бұл – соғыстан кейін ел еңсесін тіктей бастаған уақыт. Бүкіл халық соғыстан кейінгі халық шаруашылығын қалпына келтіруге жұмылған. Қалада да, далада да қайнаған қызу еңбек. Қиындықта шыңдалған ересектермен қатар жастар да өздері қалаған салада мамандығын игеріп, еңбек жолын бастаған. Солардың бел ортасында Мейрамбай да қарапайым жұмысшыдан бастап шыңдалып шығады. Жасынан еңбекқор, білімге құштар жас жігіт әсіресе техника мамандығын меңгеруді, инженер болуды мақсат етеді. Сөйтіп Целиноград қаласындағы инженер-құрылыс институтына оқуға түсіп, оны «инженер-механик» мамандығы бойынша тәмамдап, өндіріс және жол құрылысы инженерлігі саласында еңбек етеді. Еңбек жолын ГСКБ-ЛЭТ мекемесінде инженер-конструктор боп бастап, бас инженер дәрежесіне дейін көтеріледі. Әрине, техника саласы нақтылықты, ұқыптылықты, біліктілікті қажет ететінін ескерсек, оған деген көзқарас та жауаптылықты талап етеді. Әрбір техниканың тоқтаусыз әрі өнімді жұмыс істеуі оның техникалық жағдайына байланысты. Ақауы болса дер кезінде жөндеп, ауыстыратын қосалқы бөлшектерін ұдайы қадағалап, запаста ұстап отыру да инженер-механиктің іскерлігін көрсетеді. «Өндіріс кідіргісіз жұмыс істеуі керек» деген ұстанымды әрдайым алға қоятын, күш-жігерін, білімін сарқа жұмсап, үнемі алдыңғы шептен көрінетін Мейрамбай бірге жұмыс істейтін ұжымы мен әріптестерін де ортақ іске жұмылдыра білді. Ұйымдастырушылық қабілетін танытты. Жол құрылысы машиналарының тетігін бүге-шігесіне дейін білетін Мәкең талай қиын кездерден жол тауып кететін. Оның іскерлігі мен біліктілігі тұрмыстық жөндеу техникаларын ЦГП столяр, техникалық эрозияға қарсы мамандандырылған құрастыру бюросында бас инженер болғанда, «Ремстройхлеб» акционерлік қоғамында жетекші болғанда, сондай-ақ Кәсіпкерлердің құқығын қорғау жөніндегі ассоциацияның директоры лауазымында қызмет атқарғанда ерекше көрінді. 1986 жылы ғылым мен техника саласындағы жетістіктері үшін «Республика комсомолы сыйлығының лауреаты» атанды. Бұл отызға жаңа толған жас маман үшін зор жетістік, үлкен құрмет еді.

Өз саласының майталманы Мейрамбай Әскербайұлы қоғамның саяси өміріне де белсене атсалысты. Қоғам тынысын дөп басып, жан-жақты саралай білетін саясаткер ретінде танылды. Астана қаласы мәслихатының үшінші (2003-2007 жж.), төртінші, бесінші шақырылымдарында депутат болып сайланып, бюджет, экономика және кәсіпкерлік саласында тұрақты комиссияның мүшесі ретінде маңызды шешімдер қабылдауға атсалысты. Сондай-ақ Сарыарқа ауданының және Астана қалалық «Атамекен» партиясы филиалында басшылық қызметтер атқарып, ел бірлігі мен қоғам дамуына зор үлес қосты. Астана қаласы әкімдігіне қарасты тарихи-мәдени мұра нысандарын сақтау директоры қызметін атқарып, ұлттық құндылықтарды дәріптеуде өз позициясын берік ұстанған ұлтжанды азамат екенін байқатты. 2016 жылы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің «Ауыл» партиясы атынан кандидат, одан соң Кәсіпкерлердің құқығын қорғау жөніндегі ассоциацияның директоры болды. «Істеп жүрген жұмысыңнан бақыт табам десең, оның үш шартын орындау керек: бірінші – атқаруға тиісті жұмысқа шамаң келетін болсын, екінші – ол жұмысты шектен тыс ауырламайтын бол, үшінші – істеген жұмыстың қорытындысы болсын» деген Джон Рёскин. Қандай жұмыс атқарса да, оның нақты нәтижесіне жете білетін Мейрамбай Әскербайұлының еңбегі лайықты бағаланып, «Құрмет» орденімен, көптеген төсбелгімен марапатталды.

Ресми марапаттардан да бағалы нәрсе – ел құрметі, отбасы ынтымағы, ағайындар татулығы, ұрпақ жалғастығы, достар сыйластығы деген жазылмаған қағидалар бар. Мәкең – жүзі жарқын, көңілі тоқ азамат. Досқа да, дұшпанға да тіке қарай алатын адал адам. Рухани тірек болатын басты байлығы да осы. «Жетпістің көтеріп желкенін шығыпсыз бір белеске, отбасы, ағайын, достармен мерейтойды тойлау да бір ғанибет емес пе?!» дей отырып, біз Мейрамбай Әскербайұлына зор денсаулық, күш-қайрат, отбасының амандығын, сергек көңіл, серпінді өмір сүру салтымен 100 жасаңыз деп тілейміз!

Қарлығаш ҚҰСПАН,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, қалалық Ардагерлер кеңесі медиатобының мүшесі

Қазіргі кезеңде мемлекеттік қызметке қабылдау мәселесі тек кадрлық рәсім ғана емес, ол – мемлекеттің сапалы дамуына әсер ететін маңызды фактор. Себебі мемлекеттік аппараттың кәсібилігі мен тиімділігі, ең алдымен, қызметке кімнің келіп жатқанымен өлшенеді. Осы тұрғыдан алғанда, іріктеудің жаңа жүйесін енгізу – мемлекеттік қызмет саласындағы ауқымды реформалардың нақты көрінісі. Әсіресе, «Е-қызмет» жүйесі арқылы жүзеге асып жатқан цифрлық шешімдер конкурс рәсімдерінің ашықтығын арттырып, әділдікті қамтамасыз етуге жаңа мүмкіндік беріп отыр. Бұл – заманауи талаптарға сай мемлекеттік аппарат қалыптастыру жолындағы маңызды қадам. Біз осы тақырып төңірегінде жаңа жүйенің ерекшеліктері мен оның артықшылықтары туралы ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті Мемлекеттік қызмет басқармасының басшысы Әлия Бегалықызы Смағұловамен сұхбаттасқан едік.

ЖАҢА ЖҮЙЕ – ЖАҢАРҒАН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

– Әлия Бегалықызы, мемлекеттік қызметке іріктеудің жаңа жүйесін енгізудің негізгі мақсаты неде?

– Мемлекеттік қызметке іріктеудің жаңа жүйесінің негізгі мақсаты – кадр қабылдау процесін барынша ашық, әділ, тиімді және азаматтарға қолжетімді ету. Бүгінде қоғамның мемлекеттік аппаратқа деген талабы өзгерді. Азаматтар мемлекеттік қызметке қабылдау барысында формальды талаптардан гөрі әділ бәсекені, ашық рәсімдерді, түсінікті тетіктерді және адами фактордың барынша азайтылуын күтеді. Осы тұрғыдан алғанда, жаңа іріктеу жүйесі – уақыт талабы мен қоғам сұранысына берілген нақты жауап. Бұл өзгерістер Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметін дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасымен тікелей байланысты. Аталған тұжырымдамада мемлекеттік аппаратты кәсібилендіру, заманауи HR-құралдарды енгізу, кадрлық процестерді цифрландыру, меритократия қағидатын нығайту және сервистік модельге көшу басым бағыт ретінде айқындалған.

– Соңғы өзгерістерге сәйкес, мемлекеттік қызметке іріктеу жүйесінде қандай негізгі жаңашылдықтар енгізілді?

– Иә, соңғы жылдары мемлекеттік қызмет жүйесінде ауқымды өзгерістер жүзеге асып келеді. Соның нәтижесінде биыл 1 сәуірден бастап іріктеу тәртібі түбегейлі жаңарып, жаңа форматқа көшті. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 2025 жылғы 8 желтоқсандағы №196 бұйрығына сәйкес, мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасу тәртібіне бірқатар маңызды өзгеріс енгізілді. Осы құжат аясында іріктеу кезеңдері оңтайланып, конкурстық рәсімдердің мерзімі едәуір қысқарды. Енді мемлекеттік органдар бос лауазымды 5-7 жұмыс күні ішінде жаба алады. Жаңа тәртіпке сәйкес, жеке қасиеттерді бағалау кезеңі конкурс шеңберінен тыс шығарылды. Сонымен қатар мәтіндік және сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалауға арналған тестілеу алынып тасталды.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілін меңгеру және заңнаманы білу деңгейін анықтауға арналған тестілеу нәтижелері бойынша берілетін сертификаттар, сондай-ақ жеке қасиеттерді бағалау қорытындылары тест тапсырылған күннен бастап 1 жыл бойы жарамды болып есептеледі. Яғни тиісті сертификаттары бар кандидаттар осы мерзім ішінде мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға жарияланған конкурстарға қатыса алады.



Конкурсқа жеке қасиеттерді бағалау нәтижелері бойынша ең жоғары балл жинаған үздік 5 кандидат жіберіледі. Бұл іріктеу үдерісінің бәсекелестік сипатын арттырып, лайықты үміткерлерді анықтауға мүмкіндік береді.

Жаңа жүйеге сәйкес, басшылық лауазымдарға үміткерлер эссе жазу және әңгімелесу кезеңдерінен өтеді. Ал атқарушылық және төменгі лауазымдарға кандидаттар практикалық бағалауға жіберіледі.

– Әлия Бегалықызы, жеке қасиеттерді бағалау кезеңі конкурс шеңберінен тыс шығарылды дедіңіз. Осы тұста жеке қасиеттерді бағалау кезеңі бойынша өзгерістер бар ма?

– Иә, әрине. Жеке қасиеттерді бағалау жүйесі жаңа форматта үш бағдарлама бойынша жүзеге асырылады. Мұндай тәсіл әр лауазымның ерекшелігін ескеріп, үміткердің кәсіби әрі тұлғалық құзыретін жан-жақты бағалауға жол ашады.

Бірінші бағдарлама басшылық лауазымдарға арналған. Онда үміткердің проактивтілік; коммуникативтілік; талдамалық ойлау; стратегиялық ойлау; көшбасшылық; әдептілік; нәтижеге бағдарлану; сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік; жауапкершілік; қызметті басқару секілді маңызды құзыреттері сараланады.

Екінші бағдарлама басшылық емес лауазымдарға бағытталған. Бұл бағдарламада қызметкерге тән негізгі құзыреттер, яғни проактивтілік; коммуникативтілік; талдамалық ойлау; әдептілік; нәтижеге бағдарлану; сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік; жауапкершілік деңгейі бағаланады.

Үшінші бағдарлама жұмыс өтілі талап етілмейтін төменгі лауазымдарға арналған. Бұл кезеңде үміткердің әлеуметтік және эмоционалдық интеллекті, сондай-ақ логикалық ойлау қабілеті ескеріледі.

Сонымен қатар бағалау нәтижелерін пайдалану тәртібі де нақтыланған. Мәселен, бірінші бағдарлама бойынша алынған қорытынды екінші бағдарламаға сәйкес келетін лауазымдарға жарамды. Ал төменгі лауазымдарға арналған үшінші бағдарлама бөлек бағалау өлшемдеріне негізделгендіктен, оған алдыңғы бағдарламалардың қорытындылары қолданылмайды. Үміткерлер тестілеуді бір ай ішінде үш реттен артық емес тапсыра алады.

– Сөзіңізде практикалық дағдылары арқылы бағаланады дедіңіз. Жаңа форматтағы іріктеуде практикалық бағалау қалай жүзеге асырылады?

– Жаңа іріктеу жүйесінде басшылық емес және төменгі лауазымдарға кандидаттар практикалық бағалаудан өтеді. Жеке қасиеттерді бағалау нәтижесі бойынша үздік 5 кандидат бір жұмыс күні ішінде қашықтан екі практикалық тапсырманы орындайды.

Басшылық емес лауазымдарға арналған тапсырмалар аналитикалық жазба әзірлеу, ресми хаттар мен сауалдарға жауап дайындау, сондай-ақ өтініштерді қарау бағытында беріледі. Ал төменгі лауазымдарға үміткерлердің ойын ашық, нақты әрі ықшам жеткізу қабілеті және жалпы сипаттағы сұрақтарға жазбаша жауап беру дағдысы бағаланады. Бұл кезең кандидаттың нақты жағдайда шешім қабылдау қабілетін, аналитикалық ойлауын және кәсіби дайындығын айқындауға мүмкіндік береді.

Әділ әрі ашық іріктеу жүйесі қоғамда сенім қалыптастырады. Нәтижесінде кәсіби және бәсекеге қабілетті азаматтар мемлекеттік қызметті саналы түрде таңдай бастайды.

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

23.04.2026 №106-1402

«Астана қаласының Орталық жол ауруханасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жарғылық капиталының мөлшерін азайту туралы

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 78-бабына, 79-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы», «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заңдарына, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 241 бұйрығымен бекітілген бухгалтерлік есепті жүргізу қағидаларына сәйкес Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Астана қаласының Орталық жол ауруханасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – Серіктестік) жарғылық капиталы мөлшерінің жалпы сомасы 22 278 226 (жиырма екі миллион екі жүз жетпіс сегіз мың екі жүз жиырма алты) тенге 75 тиынға азайтылсын.

2. Серіктестіктің Жарғысына енгізілетін өзгеріс осы қаулыға қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. «Астана қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әділет органдарында заңды тұлғаның қайта тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары Е.С.Мейрханға жүктелсін.

Әкім **Ж. Қасымбек**

Астана қаласы әкімдігінің
2026 жылғы «23» 04
№106-1402 қаулысына қосымша

«Астана қаласының Орталық жол ауруханасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Жарғысына енгізілетін өзгеріс

«Астана қаласының Орталық жол ауруханасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Жарғысында: 26-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«26. Серіктестіктің жарғылық капиталының мөлшері 0 (нөл) теңгені құрайды.».

Астана қаласының әкімдігі Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы Зулфухар Ғайыповқа әкесі

Сұлтанбек Ғайыповтың

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Астана қалалық мәслихатының депутаттары мен аппараты VI сайланым депутаты, Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы Зулфухар Ғайыповқа әкесі

Сұлтанбек Ғайыповтың

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Орны толмас қазаға орай марқұмның туған-туыстары мен жақындарының қайғысына ортақпыз. Марқұмның жарқын бейнесі оны таныған жандардың жүрегінде мәңгі сақталады. Осы ауыр кезеңде отбасына сабыр тілейміз.

Астана қаласының Қоғамдық кеңесі Қоғамдық кеңес төрағасы, саяси ғылымдар докторы Зулфухар Ғайыповқа әкесі

Сұлтанбек Ғайыповтың

өмірден озуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Астана қаласының Қазақстан халқы Ассамблеясы Қоғамдық кеңес төрағасы, саяси ғылымдар докторы Зулфухар Ғайыповқа әкесі

Сұлтанбек Ғайыповтың

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

№50-51 (4949) 30/04/2026 Бейсенбі

ДҮЙСЕНБІ
4 МАМЫР

QAZAQSTAN

5:30 Әнұран
5:35 «Көңіл толқыны»
6:00 «Күйеу бала» телехикаясы.
7:00 «TAŃSHOLPAN»
9:00 «Қыздың жолы» телехикаясы.
10:00 АҚПАРАТ
10:10 «Сезім мен серт» телехикаясы.
12:10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...»
13:00 АҚПАРАТ
13:10 «ҰШҚЫН» телехикаясы.
14:20 «Апта» сараптамалық бағдарламасы.
15:00 «Ақорда»
15:15 «Әндер мен жылдар»
15:40 «Жаңа қоныс» телехикаясы.
17:00 АҚПАРАТ
17:20 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ»
18:00 «СЕЗІМ МЕН СЕРТ» телехикаясы.
20:30 «ГҮЛДЕР СЫРЫ» телехикаясы.
21:25 «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ» телехикаясы.
22:20 «АШЫҚ АЛАҢ»
23:10 «1001 ТҮН»
0:40 «Қазір айтайық» әлеуметтік ток-шоуы.
1:30 «Ашық алаң»
2:15 «Қызық екен...»
2:55 «Әндер мен жылдар»

5:00 Телехикая «Фатмагүл»
7:00 «Оян!»
9:00 Мультсериал «Барбоскины»
10:00 Телехикая «Эшрефтің арманы»
12:00 «Cover show»
14:00 «Әлеумет»
14:30 «Көзқарас»
15:00 Комедия «Испанский английский»
17:00 Телесериал «Мечта Эшрефа»
19:00 Новости
19:30 Жаңалықтар
20:00 Телехикая «Эшрефтің арманы»
22:00 «КешREC»
23:00 Фантастика «Чёрная Молния»

ASTANA TV

06.00 «Келіндер» телехикаясы
07.00 «Қош келдіңіз» телехикаясы
08.20 «Еркектерге қарсы» телехикаясы
09.00 «Үкім 2» телехикаясы
10.15 «Қорғансыздар 2» телехикаясы
11.35 «Еркектерге қарсы» телехикаясы
12.15 «Болған оқиға» к/ф
14.10 «Зу-зу Күлпәш 3» телехикаясы
15.35 «Ана» телехикаясы
16.30 «Алпарслан 2» телехикаясы
17.30 «Ханзада Жұмонг» телехикаясы
19.00 «Astanatimes»
20.00 «Үкім 2» телехикаясы
21.00 «Қорғансыздар 2» телехикаясы
22.00 «Сөнбеген жалын» телехикаясы
23.20 «Ханзада Жұмонг» телехикаясы
00.40 «Алпарслан 2» телехикаясы

6:00 «КЕШКІ КЕЗДЕСУ» бағдарламасы
7:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
8:30 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО!»
10:50 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР»
11:45 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ»
13:20 «АНАЛИТИКА»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMIZ-ШОУ» бағдарламасы
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:30 «ПЕРВЫЙ ОТДЕЛ 3»
1:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
1:35 Многосерийный фильм «ДИВЕРСАНТ»
2:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
2:55 «KÖREMIZ-ШОУ» бағдарламасы
3:40 «П@UTINA» бағдарламасы

КТК

7:00 ҚР ӘНҰРАНЫ
7:05 «ӘНІМ СЕН ЕДІҢ»
8:10 «ДЖЕЛАЛАДДИН», түрік телехикаясы.
9:20 «РЕАЛЬНАЯ МИСТИКА»
13:10 «КОЛЬЦО С РУБИНОМ», мелодрама
16:40 «ДВОРНЯЖКА ЛЯЛЯ», мелодрама
18:30 «ОДНАЖДЫ В ЧУКУРОВА»
20:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
1:40 «КЛАН ЮВЕЛИРОВ», мелодрама.
23:40 «ТВЕРСКАЯ. ЛЮБОЙ ЦЕНОЙ»
1:40 «ДВОРНЯЖКА ЛЯЛЯ»
3:10 «ДЖЕЛАЛАДДИН»
4:10 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
4:35 «КТК ҚОРЖЫНЫ»
5:30 «ӘНІМ СЕН ЕДІҢ»

31

06:00 «Әзіл студио»
07:00 «Күліп All»
07:30 «Тәтті шоу»
08:00 «31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
09:00 «Аватар: Легенда об Аанге»
09:30 Мультсериал «Губка Боб»
10:50 «Пингвины Мадагаскара»
11:40 Мультсериал «Кунг-фу Панда»
12:30 «Джуманджи» (повтор)
14:30 «Армагеддон» (повтор)
17:30 «Вертикальный предел»
20:00 Информбюро (рус/каз)
21:00 «Глаза дракона»
22:50 «Копы в законе»
00:40 «31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
02:40 «Time Vine»
03:00 «TikTok show»
04:20 «1001 әзіл»
04:30 Телевикторина «BALA BATTLE»
05:00 «What's up?»
05:20 «Ризамын»

7

6:00 Әнұран
6:02 «Тойхана» телехикая
7:00 «Үзілген жапырақтар» телехикая
9:00 «Әңгімесі ауылдың» телехикая
9:30 «Үздік әзілдер»
10:00 «Ну, погоди!» мультсериал
12:00 Телесериал
13:00 ЖАҢАЛЫҚТАР. ТІКЕЛЕЙ ЭФИР
13:15 НОВОСТИ. ПРЯМОЙ ЭФИР
13:30 «ӘМІРШІ ӘЙЕЛ» телехикая
14:50 «Жұмбақ қыз» к/ф
17:00 Телесериал
18:00 ЖАҢАЛЫҚТАР. ТІКЕЛЕЙ ЭФИР
18:30 «АЛЫС ШАҺАР» телехикая
20:00 «ВЕТРЕНЫЙ» телесериал
21:00 «ДАЛЕКИЙ ГОРОД» телесериал
22:00 «ҮЗІЛГЕН ЖАПЫРАҚТАР» телехикая
23:40 «Әзілің жарасса...»
1:50 Телесериал
4:10 Гүл-гүл шоу

НТК

07.00 «Разминка»
07.15 Телехикая «Достық 99»
07.40 Телехикая «Қатыгез Ыстанбұл»
08.30 «КУНГ-ФУ ПАНДА»
10.00 «МОЯ УЖАСНАЯ НЯНЯ 2» (семейное фэнтэзи, Эмма Томпсон, Рэйф Файнс)
12.00 «СЕЗІМ БАҒЫ»
16.00 «РЕВЮ»
16.20 «ПУТЬ ДОМОЙ» (семейное кино, Эшли Джадд)
18.20 «ТИХООКЕАНСКИЙ РУБЕЖ 2» (фантастический боевик, Скотт Иствуд, Джонни Бойега, Чарли Дэй)
20.20 «СМЕРТЕЛЬНОЕ ШОССЕ» (триллер, Роузенн Супернаульт, Сэмюэл Хоксема, Тейлор Кинекуон)
22.20 «ОРЕГОНСКАЯ ТРОПА»
00.40 Телехикая «Қатыгез Ыстанбұл»
01.30 Реалити-шоу «Жаңа казахи»
